

**«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік
қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2021 – 2023 жылдарға
арналған ұжымдық шарт**

I бөлім. Жалпы ұғымдар

Ұжымдық шарт – олардың өкілдері тұлғасында қызметкерлер және жұмыс беруші арасында жасалатын, ұйымдағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін, жазбаша келісім нысанындағы құқықтық акт;

Жұмыс беруші, Компания – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

Қызметкерлердің өкілі, Кәсіподақ - «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі;

Қызметкерлер – жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұрған және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындаушы жеке тұлғалар;

Зейнеткер – бұрын Компанияда жұмыс істеген, Компанияның филиалдарында есепте тұрған және:

1) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңымен қарастырылған зейнеткерлік жасқа толған;

2) 2000 жылғы 1 қаңтарға дейін «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік мекемесінің еншілес мемлекеттік мекемелері мен филиалдарында есепте тұрған (темір жол көлігінің медициналық, білім, мектепке дейінгі мекемелерінің, жұмысшыларды жабдықтау бөлімі мен «Теміржолмүлік» ашық қоғамының азаматтық құрылыстар дистанцияларының бұрынғы қызметкерлері);

3) 1 немесе 2-топтағы мүгедек деп танылған;

4) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы елдердің теміржол көлігі жұмысымен байланысты ұйымдарынан зейнеткерлікке шыққан, жұмыс өтілі 10 жылдан кем емес және Қазақстан Республикасына көшіп келген;

5) зейнеткерлікке ерте шығуды қарастыратын жергілікті актіге сәйкес тараптардың келісімі бойынша еңбек шартын бұзған жеке тұлға;

Балалар – Компания қызметкерлерінің балалары;

Балаларды жалғыз тәрбиелеуші қызметкерлер – баланы/балаларды жалғыз тәрбиелеуші тұлғалар (некеде жоқ әйел/еркек, ажырасқан әйел/еркек, жесір/тұл, қорғаншы);

Қараудағы адамдар – Компания қызметкерлерінің еңбекке жарамсыз туысқандары:

а) қызметкердің 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған балалары;

б) балалық шағынан I және II топтағы мүгедек немесе I топтағы мүгедек деп танылған кәмелетке толған үйленбеген балалары;

в) 3 жасқа дейінгі баланың күтімі бойынша демалыста отырған күйеуі/әйелі;

г) тиісті өкілетті мемлекеттік органдардан берілген құжаттары болғанда, белгіленген тәртіп бойынша қызметкердің қорғанышында немесе қамқорлығында тұрған және онымен бірге тұратын, жеңілдікке құқығы бар, еңбекке қабілетсіз ата-аналары;

д) тиісті өкілетті мемлекеттік органдардан берілген құжаттары болғанда, белгіленген тәртіп бойынша қызметкердің қамқорлығында тұрған 18 жасқа дейінгі тұлға;

е) тиісті өкілетті мемлекеттік органдардан берілген құжаттары болғанда, белгіленген тәртіп бойынша қызметкердің қамқорлығында тұрған, бөгде адамның көмегін қажет ететін тұлға.

Әлеуметтік пакет – Компания қызметкерлер мен зейнеткерлерге уәждеме, ұстап қалу, еңбек тиімділігін арттыру, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық қорғау мақсатында ұсынатын кепілдіктер, жеңілдіктер мен өтемақылар;

Дистанциялық (қашықтықтан) жұмыс – жұмыс процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мен жұмыс берушінің орналасқан жерінен тысқары еңбек процесін жүзеге асырудың айрықша нысаны;

Өзге оқшауланған құрылымдық бөлімше – Компанияның өңірлік деңгейдегі бөлімшесі туралы ережеге сәйкес Компанияның өңірлік деңгейдегі бөлімшесіне оперативті бағыныста болатын басқарудың желілік деңгейіндегі бөлімше.

Транзит – жолаушыларды бір пункттен екіншісіне аралық пункттер арқылы тасымалдау;

Арнайы көлік құралы – жұмыс берушінің кінәсі бойынша еңбек жарақаты немесе кәсіби ауруы салдарынан мүгедек болған, соның ішінде функционалдық бұзушылықтаына қарай, қызметкер қамтамасыз етілетін, қажеттіліктеріне бейімделген, автокөлік құралы;

Арнайы қатынас құралдары:

- 1) бөлмелік кресло-арба;
- 2) серуендейтін кресло-арба.

II бөлім. Жалпы ережелер

1. Бірге Тараптар деп аталатын, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының атынан «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы (бұдан әрі – Жұмыс беруші) және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің өкілі – «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – Кәсіподақ) атынан Кәсіподақ төрағасы, төмендегілер туралы осы ұжымдық шартты жасасты.

2. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы ұжымдық шарт (бұдан әрі – Шарт) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Еңбек кодексі), «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, сондай-ақ 2021-2023 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі салалық келісімнің негізінде жасалды.

3. Шарт әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін құқықтық акт болып табылады, Тараптардың тең құқықтарын және мүдделерін сыйлау қағидаттарын негізге ала отырып жасалды, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Компания) тиімді жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған.

4. Шарт 2021-2023 жылдарға арналып жасалды және 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

5. Шарттың күші, Жұмыс берушіге және олардың атынан Шарт жасалған Компанияның қызметкерлеріне және оларға жазбаша өтініштің негізінде қосылған қызметкерлердің, босатылған, сайланбалы және штаттық кәсіподақ қызметкерлеріне қолданылады. Қосылу тәртібі Шартқа 1-қосымшада қарастырылған.

Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде есепте тұрған жұмыс істемейтін, соның ішінде «Құрметті теміржолшы» белгісімен марапатталған зейнеткерлер үшін Шартпен жеке әлеуметтік пакет қарастырылады.

6. Осы Шарттың III бөлімі, 9-тармақтың 13) тармақшасының (ж) абзацын қоспағанда), IV (10-тармақтың 7) тармақшасынан, 13) тармақшасының ж) абзацынан басқа); V (11-тармақтың 15), 17), 18) тармақшаларынан басқа), VI (12-тармақтың 10)-22) тармақшаларынан басқа), VII (13-тармақтың 2) тармақшасының а, б, в) абзацтарынан, 3) тармақшасының б) абзацынан, 21)-34) тармақшаларынан басқа) бөлімдері Компанияның орталық аппаратының қызметкерлеріне тарамайды.

7. Шарттың ережелері Тараптардың басшылыққа алуы мен орындауы үшін міндетті болып табылады. Тараптардың ешқайсысының Шарттың кез келген тармағын бір жақты өзгертуге немесе қолданысын тоқтатып қоюға құқығы жоқ.

Шартқа өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың жалпы келісімі бойынша енгізіледі. Тараптардың біреуінің келіссөздерді бастау туралы талабы екінші Тарап үшін міндетті болып табылады. Шартқа енгізілетін барлық толықтырулар мен өзгерістерді Жұмыс беруші мен Кәсіподақ өкілдерінің ішінен құрылатын комиссия қарайды, Шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылатын және онымен тең заңдық күші бар, Тараптар қол қоятын қосымша келісіммен ресімделеді.

Шарттың ережелерін түсіндіру Тараптардың өзара келісімі бойынша жүзеге асырылады.

8. Компанияны қайта ұйымдастыру кезеңінде Шарт өзінің қолданысын сақтайды.

III бөлім. Еңбекті ұйымдастыру және нормалау, Еңбекақы, қосымша ақылар мен үстемеақылар

9. Жұмыс беруші:

1) бірінші разрядты қызметкердің айлық тарифтік мөлшерлемесінің ең төменгі мөлшерін Қазақстан Республикасының тиісті қаржылық жылға арналған республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген айлық жалақының ең төменгі мөлшерінен төмен емес белгілеуге.

Жұмысшының айлық тарифтік мөлшерлемесін тиісті тарифтік тордың 1-разрядты жұмысшының айлық тарифтік мөлшерлемесін қызметкерге берілген біліктілік разрядының тарифтік (разрядаралық) коэффициентіне көбейту жолымен Компанияның филиалдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі тарифтік торға сәйкес анықтайды.

Негізгі еңбекақының үлесін бір жолғы ынталандыру төлемақыларын ескерусіз Компания қызметкерлерінің орташа айлық еңбекақысының 75 пайызынан кем болмайтын мөлшерде қамтамасыз етсін; Компанияның қызметкерлері үшін еңбекақы төлеудің ең аз кепілдігі ретінде - еңбекақы төлеу жөніндегі тарифтік тордың негізінде белгіленген тарифтік ставкалар мен жалақыларды қолдансын.

Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Компания филиалдарының қызметкерлері үшін тарифтік мөлшерлемелер (жалақылар) рубльде белгіленсін;

2) мамандығы мен жұмыс стажы жоқ қызметкерге кәсіпті игеру кезеңінде ол қабылданып отырған кәсіп бойынша, егер бұл кәсіп үшін арнайы оқыту талап етілмесе, ең төменгі разряд белгілеуге;

3) ауыр жұмыстармен, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстармен айналысатын қызметкерлерге жұмыс орындарын аттестациялау нәтижелері бойынша осы Шартқа 2-қосымшаға сәйкес тарифтік ставкаларына (лауазымдық жалақыларына) қосымша төлемдер белгілеуге;

4) қайта ұйымдастырумен немесе экономикалық, технологиялық жағдайлардың, еңбекті ұйымдастыру жағдайларының өзгеруімен және (немесе) көлемнің қысқаруымен байланысты өзгерістерге байланысты еңбек нормалары оларға қатысты қызметкерлерді өзгерістер енгізілгенге дейін кем дегенде бір ай бұрын хабарлауға;

5) Жұмыс берушінің актілерін осы Шартқа 3-қосымшаға сәйкес қызметкерлердің өкілдерімен келісу немесе олардың пікірлерін ескеру бойынша қабылдауға;

6) тарифтік мөлшерлемелердің (лауазымдық жалақылардың) көлемдерін ұлғайту/төмендету туралы шешімді Еңбек кодексінің талаптарын сақтаумен және Компанияның қаржылық-экономикалық жағдайына қарай қабылдауға;

7) Компанияның қызметкерлеріне есептік айдан кейінгі айдың 10-ына дейін еңбекақы төленуін қамтамасыз етуге.

Еңбек шарты тоқтатылған кезде, қызметкерге тиесілі барлық сомалардың төленуін ол тоқтатылғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізуге;

8) міндетті зейнетақы жарналарының дер кезінде аударылуын қамтамасыз етуге;

9) қызметкерлердің еңбекақысын есептеу кезінде экологиялық апат аймағында тұрғаны үшін қосымша төлемді қолдануға (осы Шартқа 4-қосымша).

Арал маңының экологиялық қолайсыз аудандарында тұрғаны үшін қосымша төлемдерді есептеу қызметкердің сағаттық тарифтік мөлшерлемесіне (лауазымдық жалақысына) қарай жүргізілсін;

10) белгіленген регламентке сәйкес жұмысты аса қиын метеорологиялық жағдайлар (аяз, бұрқасын, қар басу, аптап) кезінде үнемі ашық ауада орындап, мерзімді еңбекақы алатын жұмысшыларға, электромеханиктерге, аға электромеханиктерге, жол шеберлеріне, аға жол шеберлеріне тарифтік мөлшерлемелерді (жалақыларды) 15 пайызға көтеруге, кесімді еңбекақы алатын жұмысшыларға жұмыста белгіленген өндіріс нормаларын 15 пайызға төмендетуге және арнайы үзілістер беруге:

ауаның температурасы минус 25 градус (Цельсий бойынша) және төмен болған кезде;

ауаның температурасы 10 градустан (Цельсий бойынша) төмен болып, бұрқасын мен қар жауған кезде;

ауаның температурасы плюс 35 градустан (Цельсий бойынша) жоғары болған кезде.

Жоғарыда аталған еңбекке ақы төлеу және нормалау шарттарын қолдануды тиісті актілермен ресімделген метеорологиялық мәліметтер деректерінің негізінде, жұмыстарды ашық ауада орындаудың нақты күндері үшін жүргізуге;

11) қызметкерлерге мерзімнен тыс жұмыс сағаттарына, соның ішінде жұмыс уақытын жинақтап есепке алған кезде, кем дегенде бір жарымдық мөлшерде ақы төлеуге.

Тараптардың келісімі бойынша мерзімінен тыс сағаттары үшін қызметкерге мерзімінен тыс жұмыстың бір сағаты үшін кемінде бір сағат есебімен демалыс сағаттарын беруге рұқсат етіледі.

Жұмыстың түнгі уақыты мереке немесе демалыс күніне сәйкес келген жағдайда еңбекке ақы төлеу түнгі сағаттар және мереке немесе демалыс күндердегі сағаттар үшін жеке төленеді.

Мерзімінен тыс сағаттарды есептеу үшін жұмыс уақыты нормаларын болмаған сағаттарға түзетуді жүргізу (уақытша жұмысқа қабілетсіздігі, еңбек демалысы, еңбекақысы сақталмайтын демалыс);

12) Жұмыс берушіге және қызметкерге байланысты емес себептер бойынша жұмыссыз тұру уақытына еңбекақының ең төменгі мөлшерінен төмен емес мөлшерде, Жұмыс берушінің кінәсі бойынша – қызметкердің орташа айлық еңбекақысының елу пайызынан төмен болмайтын есеппен төлем жасауға.

Қызметкердің кінәсінен жол берілген жұмыссыз тұру уақыты төлеуге жатпайды.

Жұмыссыз тұруды қызметкерлердің өкілімен келісу бойынша, жұмысты уақытшы тоқтатуға алып келген нақты жағдайларды, кезеңін, оларға қатысты жұмыссыз тұру жарияланатын қызметкерлердің санаттарын, төлемдер мөлшерін, қызметкерлердің жұмыс орындарында болу/болмау қажеттілігі туралы шарттарды және т.б. көрсете отырып, бұйрықпен ресімдеуге.

Жұмыссыз тұрудың жариялануы туралы қызметкерлерді он бес күнтізбелік күннен кешіктірмей хабардар етуге.

Қызметкердің өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін жағдай пайда болған кезде (мұндай жағдайды Компанияның арнайы еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі қызметтері, ал даулы жағдайларда – Мемлекеттік еңбек инспекциясы растаған жағдайда) оған бұзушылықтарды жою үшін қажет болған барлық кезеңге орташа еңбекақы төлеуге. Үйдегі кезекшілік, арнайы жабдықталған жайдағы (бөлмедегі) кезекшілік үшін Жұмыс берушінің актілеріне сәйкес төлем жасауға;

13) еңбек шартымен белгіленген өзінің негізгі жұмысымен қатар басқа немесе сондай лауазым/кәсіп бойынша қосымша жұмысты немесе уақытша жоқ қызметкердің міндеттерін өзінің негізгі жұмысынан босатылмай орындайтын қызметкерлерге қосымша төлем жүргізуге.

Қызметкерлерге тапсырылатын жұмыстар:

а) лауазымдарды қоса атқару – қызметкердің еңбек шартымен (лауазымдық нұсқаулықпен) қарастырылған өзінің негізгі жұмысымен қатар басқа бос лауазым бойынша қосымша жұмысты орындауы;

б) қызмет көрсету аймақтарының кеңеюі – қызметкердің еңбек шартымен (лауазымдық нұсқаулықпен) қарастырылған өзінің негізгі жұмысымен қатар жұмыс күнінің (ауысымының) белгіленген ұзақтығы ішінде қосымша жұмысты орындауы;

в) уақытша жоқ қызметкердің міндеттерін орындау (қоса атқару) - қызметкердің еңбек шартымен (лауазымдық нұсқаулықпен) қарастырылған өзінің негізгі жұмысымен қатар басқа да, сондай да лауазым бойынша қосымша жұмысты орындауы.

г) кәсіптерді қоса атқару – қызметкердің еңбек шартымен (лауазымдық нұсқаулықпен) қарастырылған өзінің негізгі жұмысымен қатар басқа кәсіп бойынша қосымша жұмысты орындауы жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Уақытша жоқ қызметкердің жұмысын орындау лауазымдық міндеттеріне кірген жағдайда орнын ауыстыратын қызметкерлерге уақытша жоқ қызметкердің міндеттерін орындағаны (қоса атқарғаны) үшін қосымша төлеу жүргізілмейді.

Лауазымдарды қоса атқарғаны, қызмет көрсету аймақтарының кеңеюі, уақытша жоқ қызметкердің міндеттерін орындағаны (қоса атқарғаны), кәсіптерді қоса атқарғаны үшін қосымша төлемдер қызметкермен келісу бойынша орындалатын жұмыстың көлеміне қарай негізгі жұмысы

бойынша тарифтік мөлшерлемеден (жалақыдан) 30%-дан артық емес белгіленеді.

Жұмыс берушінің актілеріне сәйкес:

а) «Кәсібі бойынша үздік» белгісімен марапатталған Компанияның қызметкерлеріне «Ынталандыру туралы» бұйрық шыққан күннен бастап 12 ай ішінде – үстемеақы төлеуді;

б) ай сайын бригаданы басқарғаны үшін (негізгі жұмыстан босатылмаған, жұмысшылар ішінен тағайындалатын бригадирлерге) үстемеақы төледі;

в) «Құрметті теміржолшы» белгісімен марапатталған қызметкерлерге еңбекақысына тарифтік мөлшерлеменің (лауазымдық жалақысының) 10% мөлшерінде ай сайынғы үстемеақы төлеуді жүргізуге.

Егер «Құрметті теміржолшы» белгісімен марапатталған қызметкерлерге тарифтік ставка лауазымдық жалақы «Құрметті теміржолшы» белгісінің бар екендігін ескерусіз белгіленсе, ай сайын еңбекақыға тарифтік ставкadan 10% мөлшерінде үстеме ақы жүргізілсін (лауазымдық жалақылары «Құрметті теміржолшы» белгісінің бар екендігін ескеріп белгіленген қызметкерлерге лауазымдық жалақыны қайта қарау жүргізілетін және тиісті үстеме ақы ағымдық жалақы шектерінде «Құрметті теміржолшы» белгісінің бар екендігін ескере отырып белгіленетін болады).

14) Компания қызметкерлерінің барлық санаттарына күнтізбелік кезеңге келесі сыйлықақы түрлері қарастырылсын:

- бір айдағы/тоқсандағы/жарты жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша;

- жыл үшін (еңбекақы төлеуге бөлінген қаржыны үнемдеу есебінен);

- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының көлік қызметкерлері күні» кәсіптік мерекеге бір жолғы сыйлықақы төлеу 10 (он) ЕАЕМ-нен (тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген еңбекақының ең төменгі мөлшері) аспайтын мөлшерде. Бір реттік сыйлықақы төлеу Компания филиалдарының штатында тұрған қызметкерлерге сыйлықақы туралы бұйрық шыққан күнге, қызметкерлердің келесі санаттарын қоспағанда, төлеу жүргізіледі:

а) Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген жасқа дейінгі баланы күту бойынша еңбекақысын сақтаусыз қосымша демалыста жүргендерге;

б) қызметкердің өтініші негізінде еңбек шартында тұрған тараптардың келісімі бойынша еңбекақысын сақтаусыз 30 күнтізбелік күннен артық ұзақ демалыста жүргендерге.

Бұл ретте сыйлықақылардың жоғарыда аталған түрлерін төлеу Компанияның қаржылық және экономикалық мүмкіндіктеріне қарай жүргізіледі;

15) сыйақы есептеу үшін кезекті еңбек демалысында (жұмыс күндері) болған уақыты, қызметтік іссапарда (соның ішінде біліктілікті арттыру курстарында) болған кезеңі нақты жұмыс істеген уақытына қосылады;

16) тегін жол жүру билеттердің және жеңілдікпен отын алумен қамтамасыз етудің жойылуына байланысты мыналарда жұмыс істейтін қызметкерлерге:

5-класс станцияларында, разъездер мен басып озу пункттерінде – 2 АЕК (Қазақстан Республикасының тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде;

4-класс станцияларында – 1,5 АЕК мөлшерінде;

3-класс станцияларында – 1 АЕК мөлшерінде ай сайын үстемеақы белгілеуге.

Оның құнына тасымалдау жөніндегі шығыстар енгізілуі тиіс отын (тұрмыстық көмір) сатып алуды Жұмыс беруші қызметкерлерге, сондай-ақ 3, 4, 5-классты станцияларда тұратын зейнеткерлерге жұмсаған сомаларды кейіннен өтей отырып, жүзеге асырады;

Егер қызметкер жоғарыда аталған станциялардың бірінде тұрса, ал басқасында жұмыс істесе, онда үстемеақының мөлшері оның тұрғылықты жері бойынша белгіленеді.

Қызметкердің станцияда, разъезде, басып озу пунктінде тұруының мүмкіндігі болмаған жағдайда үстемеақы жұмыс орны бойынша белгіленсін;

17) станцияларда, разъездерде, басып озу пункттерінде тұратын қызметкерлер мен зейнеткерлерге кейіннен Жұмыс берушінің отынды (тұрмыстық көмірді) олардың сатып алуға және жеткізуге арналған шығыстарын өтеуімен отын (тұрмыстық көмір) сатып алу мен жеткізуді жүзеге асыру;

18) жүру жолында орын ауыстырумен немесе жұмыстарды орындаумен байланысты, қызмет көрсететін учаскелер шегіндегі тұрақты орындалатын жұмыстың жүріп-тұру сипаты үшін қызметкерлерге еңбек шартымен белгіленген үстеме ақы төлеуді жүргізуге (осы Шартқа 5-қосымша);

19) негізгі жұмысынан босатылмаған, олардың келісімі бойынша Компанияның филиалдары басшыларының бұйрығымен өзге жұмысшыларды оқытуға тартылған (әр ай сайын), қабылданған немесе ауыстырылған бір қызметкерді оқыту жөніндегі жұмысы үшін білікті қызметкерлерге тарифтік ставканың (жалақының) 20 пайызы мөлшерінде ақы төлеуге.

Негізгі жұмысынан босатылмаған, олардың келісімі бойынша Компанияның филиалдары басшыларының бұйрығымен өндірістік тәжірибеден өтіп жатқан студенттерге тәлімгер болуға тартылған білікті қызметкерлерге, жұмыс берушінің актілеріне сәйкес, тәлімгерліктің әр айы үшін тарифтік ставканың (жалақының) 10 пайызы мөлшерінде ақы төлеуді жүзеге асыруға;

20) қызметкерлерді Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген жағдайларды және ауысымдық графигі бойынша жұмыс істейтін қызметкерлерді қоспағанда, Жұмыс берушінің бастамасы бойынша демалыс

және мереке күндері жұмысты орындау үшін қызметкердің жазбаша келісімімен немесе оның өтініші бойынша тартуға.

Демалыс және мереке күндеріндегі жұмысқа қызметкердің күндізгі (сағаттық) мөлшерлемесіне қарай қосарланған мөлшерде төлем жасауды немесе қызметкердің тілегі бойынша оған дараланған мөлшерде төлем жасап, қосымша демалыс күнін беруді жүргізуге міндетті.

IV бөлім. Жұмыс уақыты, демалыс уақыты, еңбек және басқа демалыстар

10. Жұмыс беруші:

1) жұмыс уақытының ұзақтығын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қамтамасыз етуге.

Орналасқан жері Ресей Федерациясының аумағындағы Компания филиалдарының қызметкерлеріне демалыс және мерекелік күндерді олардың орналасқан елдерінің заңнамасына сәйкес беруге;

2) күнделікті жұмыс (жұмыс ауысымы) ішінде қызметкерге демалу мен тамақ ішу үшін кем дегенде жарты сағатқа бір үзіліс беруге;

3) жұмыс істейтін 1 және 2-топ мүгедектеріне еңбекке толық ақы төлеуді сақтаумен 6 күндік жұмыс аптасында – 36 сағат, 5 күндік кезінде – 35 сағат қысқартылған жұмыс күнін белгілеуге.

1 және 2-топ мүгедектеріне жыл сайын ұзақтығы он бес күнтізбелік күннен кем болмайтын ақысы төленетін қосымша демалыс белгілеуге;

4) өндіріс шарттары бойынша белгіленген күнделікті жұмыс уақытының ұзақтығы сақталуы мүмкін емес, үздіксіз тәулік бойы жұмыстармен айналысатын қызметкерлер үшін қызметкермен (қызметкерлердің өкілімен) келісім бойынша айлық, тоқсандық есептік кезеңімен жұмыс уақытының жиынтықты есепке алуын енгізуге. Есептік кезеңдегі жұмыс сағаттарының нормасы алты күндік жұмыс аптасы жағдайындағы жұмыс уақытының теңгеріміне байланысты белгіленеді.

Жұмыс уақытын және демалыс уақытын реттеуді барлық есептік кезеңге белгіленген ауысымдық график негізінде жүргізуге, бұл ретте, қабылданған есептік кезеңде демалыс күндерінің саны осы есептік кезеңінің демалыс күндеріне сәйкес келуі тиіс;

5) ауысымдық жұмыспен айналысатын қызметкерлер үшін мұсылмандық күнтізбе бойынша Құрбан айттың бірінші күні, 7 қаңтар – православиелік Рождество күндердегі жұмыс үшін ақы төлеуді осы Шарттың 9-тармағының 20) тармақшасына сәйкес жүргізуге немесе қызметкердің қалауы бойынша дараланған мөлшерде төлем жасап, қосымша демалыс күнін беруге;

6) толық емес жұмыс күні режимін енгізген кезде демалысқа төлем жасау үшін (пайдаланылмаған демалысқа өтемақы төлеу үшін) орташа күндік (орташа сағаттық) еңбекақыны есептеуді нақты жұмыс істелген уақыт есебінен жүргізуге;

7) қызметкерлерге осы Шартқа 6-қосымшаға сәйкес жұмыс орнын (лауазымын) сақтаумен негізгі ақы төленетін жыл сайынға еңбек демалыстарын беруге.

Демалыстарды беру кезектілігін өндірістік процесті ескере отырып, бекітілген график бойынша белгілеуге.

Демалыстар графиктерін жасау кезінде негізгі ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалыстарын пайдаланудың басым құқығын мектепке дейінгі және бастауыш сыныптардың мектеп жасындағы балаларын жалғыз тәрбиелеуші қызметкерлерге олар үшін ыңғайлы уақытта беруге.

Қызметкерді еңбек демалысынан шақыртып алған жағдайда (оның келісімі бойынша) еңбек демалысының, соның ішінде еңбек демалыстың пайдаланылмаған күндерін ағымдағы жылдың басқа уақытында беруге немесе келесі жұмыс жылының еңбек демалысына қосуға не болмаса өтемақы төлеуге.

Ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысынан он сегіз жасқа толмаған қызметкерді, жүктілігі туралы анықтама тапсырған жүкті әйелдерді және ауыр жұмыстармен, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстармен айналысатын қызметкерлерді кері шақыртуға рұқсат етілмейді.

Жыл сайынғы еңбек демалысын төлеу оның басталуынан бұрын үш күнтізбелік күннен кешіктірмей, ал еңбек демалысы демалыстар графиктерінен тыс берілген жағдайда – ол берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізілсін;

8) Қызметкерге жыл сайынға ақы төленетін демалыс берген кезде жылына бір рет бір айлық тарифтік мөлшерлемеден (лауазымдық жалақыдан) артық болмайтын мөлшерде материалдық көмек төлеуге.

Бұл ретте демалысқа аталған үстемеақыны оның басталуы келесі жылдың қаңтарына келетін еңбек демалысы кезеңінде сақталатын орташа жалақыны (демалыстық) есептеу ағымдағы жылдың желтоқсанында жүргізілуі тиіс жағдайда жылына екі рет төлеуге төлеуге рұқсат етіледі.

Жаңадан қабылданған қызметкерге, ұзақтығы 6 ай және одан артық еңбекақысы сақталмайтын демалыстан шыққан немесе баланың үш жасқа толуына дейін күту жөніндегі еңбекақысы сақталмайтын демалыстан шыққан қызметкерге демалысына үстемеақы жұмысқа қабылданған/демалыстан шыққан күннен бастап кем дегенде 6 ай өткеннен кейін төленеді. Жыл сайынғы ақы төленетін демалыс бөліп берілген жағдайда қызметкерге материалдық көмек бір рет, есептелген демалыстық сомамен бірге толық көлемде төленеді;

9) ауыр жұмыстармен, еңбек жағдайы зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстармен айналысатын қызметкерлерге осы Шартқа 7-қосымшаға сәйкес ұзақтығы алты күнтізбелік күннен кем емес қосымша ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалыстарын беруге.

Қосымша ақы төленетін жыл сайынғы демалыстар олардың ауыр, зиянды және (немесе) қауіпті жағдайлардағы еңбегі өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестациялау нәтижелерімен расталған қызметкерлерге беріледі.

Жұмыс беруші өндірістік объектілерді аттестациялауды жүргізбеген жағдайда, сондай-ақ олар аттестациялауға жатпайтын жұмыс орындары бойынша қосымша ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалыстары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 бұйрығымен бекітілген Жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімі, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесіне сәйкес толық көлемде беріледі;

10) Жұмыс берушінің актілеріне сәйкес берген грант шеңберінде қызметкерді күндізгі оқу нысанындағы магистратура, аспирантура және докторантура (PhD) бағдарламалары бойынша оқуға жіберген кезде қызметкерге еңбекақысын сақтаусыз демалыс, сондай-ақ Жұмыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен көзделген басқа да кепілдіктер беруге;

11) қызметкерге жазбаша өтініші негізінде Еңбек кодексінің нормаларына сәйкес еңбекақысы сақталмайтын демалыс беруге;

12) зейнеткерлік жасқа жетуіне 3 жыл және одан да кем уақыт қалған қызметкерлерге толық жұмыс күні (толық жұмыс аптасы, зейнетақы есептеу үшін кіріс тиісті қаржылық жылға арналған Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жас бойынша зейнетақы төлемдерін есептеу үшін кіріс көрсеткішінен аспаған жағдайда) режимін сақтауға;

13) қызметкерлерге қосымша ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалыстарын беруге:

а) экологиялық апат аймақтарында жұмыс сістейтін және тұратын (радиациялық қатер аймақтары үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеңілдіктер мен өтемақыларға құқықты растайтын құжаттар болған жағдайда);

б) темір жол көлігі ұйымдарындағы жұмыс стажы үшін, үш жылдан артық - әрбір келесі жыл үшін 2 күннен, бірақ 6 (алты) күнтізбелік күннен артық емес;

в) Ресей Федерациясының аумағында тұрып жатқан қызметкерлерге темір жол көлігі ұйымдарындағы бес жылдан артық жұмыс стажы үшін – 2 күн;

г) қызметкердің ата-анасының, жұбайының/зайыбының, балаларының, аға-інілерінің, апа-сіңілілерінің, қарындастарының, аталарының, әжелерінің, немерелерінің қайтыс болуына байланысты – 3 жұмыс күнін;

д) неке қиюына байланысты – 3 жұмыс күнін;

е) баласының тууына/жаңа туған баланы асырап алуына байланысты – 3 жұмыс күнін (демалыс баланың туған күнінен бастап бір ай ішінде беріледі);

ж) растайтын құжаттарды ұсынған кезде:

өндірістен қол үзбей орта және жоғары кәсіптік білім беру ұйымдарында оқитындарға, сессия, дипломдық жобаларды дайындау және қорғау, оқу бітіру емтихандары кезеңіне.

Ақы төлеуді білім ұйымының тиісті құжатымен расталған оқу жоспарын орындаған жағдайда, заңнамаға сәйкес оқу демалысының барлық кезеңіне есептелген орташа еңбекақы есебінен, алайда 20 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде жүргізуге;

з) еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларға 3 (үш) жұмыс күніне дейін;

и) қызметкерлерге скринингтік тексерулерден өту үшін Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасымен анықталған тәртіппен және көлемде жұмыс орнын (лауазымын) және орташа еңбекақысын сақтаумен бір жыл ішінде 3 (үш) жұмыс күнінен артық емес;

к) жүктілігі бойынша он екі аптаға дейін медициналық есепке қоюға – 3 (үш) жұмыс күнінен кем емес;

л) мүгедек балалары барларға уәкілетті органда қайта куәландырудан өту кезінде кезекті медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу үшін екі жұмыс күннен артық емес. Баланың екі ата-анасы да Компанияның қызметкерлері болып табылған жағдайда қосымша демалыс тек олардың біреуіне ғана беріледі.

Қосымша демалыстар негізгі ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысына енгізілмейді, олар бойынша есептеу және ақы төлеу негізгі ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысына төлемақыны есептеу тәртібімен жүргізіледі;

14) дистанциялық (қашықтықтан) жұмыс істеу кезінде қызметкермен қосымша келісім жасасуға.

Қызметкерлердің дистанциялық жұмысты жүзеге асыруын ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәртібі ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленген және Кәсіподақпен келісілген жұмыс берушінің жергілікті актілерімен қарастырылады.

Дистанциялық жұмыспен айналысатын қызметкерлер үшін жұмыс уақытының бекітілген есебі белгіленеді, оған бақылау жасау ерекшеліктері еңбек шартында анықталады.

Дистанциялық жұмыспен айналысатын қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі, сондай-ақ еңбек міндеттемелерін қауіпсіз орындауларын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтау тәртібі жұмыс берушінің актісімен анықталады;

15) жүкті әйелге, үш жасқа дейінгі баласы (балалары) бар ата-аналардың (асырап алушылардың) біреуіне, сондай-ақ медициналық қорытындыға сәйкес отбасының ауру мүшесін күтуді жүзеге асыратын қызметкерге олардың жазбаша өтініші бойынша толық емес жұмыс күні режимін белгілеуге міндеттеме алады.

V бөлім. Жұмыспен қамтамасыз ету, әлеуметтік қорғау, босатылатын қызметкерлерді кәсіби даярлау және қайта даярлау

11. Жұмыс беруші:

1) жұмысқа қабылдауды қызметкерді еңбек жағдайларымен, ішкі еңбек тәртібі ережелерімен және Шартпен міндетті түрде таныстыру арқылы қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдаған кезде олармен еңбек шарттарының кәсібіне, біліктілігіне сәйкес жасалуын және еңбек жағдайлары өзгерген жағдайда, еңбек шартына толықтырулардың енгізілуін қамтамасыз етуге;

2) жұмысқа қабылдаған кезде қызметкерлермен еңбек шарттарының жасалуын Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес жүргізуге;

3) жұмысқа қабылдаған кезде қызметкерлермен еңбек шарттарын жасаған кезде:

а) еңбек жағдайларының сипатын, жұмыс орнындағы зиянды және қауіпті факторлардың тізбесін;

б) белгілі бір жұмысты орындау үшін қажетті арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғану құралдарымен, жуу заттарымен қамтамасыз ету нормаларын;

в) демалыстарды беру немесе пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақы төлеу тәртібін;

г) Жұмыс берушінің актілеріне сәйкес жекелеген жұмысшы мамандықтары, мамандар мен қызметшілердің лауазымдары үшін келесі жұмыс режимдерінің: үйде немесе объектідегі арнайы жабдықталған бөлмеде белгіленген сағаттар нормасы шегіндегі кезекшіліктің, жұмыстың икемді графигінің, толық емес жұмыс күнінің қолданылуын;

4) қызметкерлер санын немесе штатын қысқартқан кезде жұмыста қалдырудың артықшылық құқығын:

а) жалғыз асыраушы болып табылатын қызметкерлерге;

б) төрт және одан көп баласы бар көп балалы отбасылардың ата-аналарына;

в) темір жол көлігінде жұмыс істеген қызметкерлерге: ерлерге - кем дегенде 25 жыл, әйелдерге - кем дегенде 20 жыл;

г) «Құрметті теміржолшы» белгісімен марапатталғандарға;

д) жылына кем дегенде бес рационализаторлық ұсыныс енгізген жағдайда көп жыл бойы белсенді рационализаторлық қызмет жасаған рационализаторларға беруге.

Кәсіпорынның қызметі тоқтатылған жағдайды қоспағанда, штат немесе қызметкерлер саны қысқартылған кезде бір отбасынан екі қызметкердің (ері, әйелі) жұмыстан босатылуына жол бермеуге;

5) Компанияның құрылымдық бөлімшесі таратылған, штат немесе қызметкерлер саны қысқартылған кезде:

а) Жұмыс берушінің таратылуымен, қызметкерлер санының немесе штаттың қысқартылуына, Жұмыс берушінің экономикалық жағдайының нашарлауын тудырған өндірістердің және орындалатын жұмыстар мен қызметтер көлемінің төмендеуімен байланысты алда тұрған қызметкерлерді жұмыстан босату туралы жұмыспен қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға оларға қатысы болуы мүмкін деген, лауазымдары мен кәсіптерін,

мамандықтарын, біліктілігін көрсету арқылы қызметкерлердің саны мен санаттары және жұмыстан босатылатын қызметкерлердің еңбекақы мөлшері мен босату басталғанға дейін кем дегенде бір ай бұрын олардың жұмыстан босатылатын мерзімдері туралы ақпарат беруге;

б) қызметкерге өз бетімен жұмыс іздеуі үшін аптасына бір күн немесе әр жұмыс күні ішінде екі сағат беруге;

в) Еңбек кодексіне сәйкес жұмысын жоғалтуға байланысты өтемақылық төлемдерді және екі орташа айлық еңбекақы мөлшерінде қосымша өтемақы төлеуге. Бұл ретте екі орташа айлық еңбекақы мөлшеріндегі (жұмыс іздеу кезеңінде сақталатын) қосымша өтемақыны теміржол көлігіндегі жұмыс өтілі кем дегенде бес жыл болатын адамдарға, халықты жұмыспен қамту орталығында тіркелу (есепке тұру) туралы анықтаманы ұсыну шартымен әр ай өткен соң, бір орташа айлық еңбекақы мөлшерінде төлеуге (бірінші және екінші айлар үшін) төлеуге.

Станцияларда, разъездерде халықты жұмыспен қамту орталықтары жоқ болған жағдайда құрылымдық бөлімше басшысына Компания басшылығының алдында елді мекенде бос жұмыс орнының болмауына байланысты қосымша өтемақылар төлеу туралы өтініш жасау құқығын беруге;

б) еңбек шарттары Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 4), 8) – 16) және 18) тармақшаларымен көзделген негіздер бойынша бұзылатын қызметкерлерді қоспағанда, темір жол көлігі ұйымдарында кем дегенде 20 жыл жұмыс істеген, жасы бойынша зейнеткерлік демалысқа шығу құқығының басталуына дейін үш жыл қалған қызметкерлерге Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде жұмыс берілуіне кепілдік беруге.

«Қазақстан Республикасындағы зейнеткерлік қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген зейнеткерлік жасқа жетуге дейін үш жылдан кем қалған қызметкерлермен еңбек шартын Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 2)-4) тармақшаларымен көзделген негіздер бойынша қажеттілігіне қарай құрылатын комиссияның оң шешімінің қолда болуынсыз жол берілмейді.

Комиссия жұмыс берушінің және қызметкерлердің өкілдерінің тең санынан тұрады, жұмыс берушінің актісімен құрылады, шешім комиссия отырысы хаттамасымен ресімделеді;

7) жұмыс көлемі төмендеген, қайта ұйымдастырған, қайта құрылымдаған, трансформациялаған жағдайда, жұмыс істеушілердің санын бірінші кезекте:

кадрлардың табиғи жылыстауы және оларды қабылдауды уақытша шектеу;

өз қаражаты есебінен кадрларды қайта оқыту, қайта даярлау жөніндегі іс-шаралар;

кадрлардың бөлімшелердің ішінде босаған жұмыс орындарына ауысуы;

қызметкерлерді уақытша және маусымдық жұмысқа пайдалану;

жұмыстан босатуға балама, уақытша шара ретінде толық емес жұмыс уақыты режимін қолдану;

ұйымның құрылымдық бөлімшелері ішінде орын ауыстыру, тұрғын үй беру немесе оны жеңілдікпен сатып алуға жағдай жасау, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің жол ақысын төлеу және Тараптардың келісімі бойынша басқа да жеңілдіктер беру арқылы жаңа жұмыс орнына көшу;

қызметкердің келісімі бойынша ауысу сәтінен бастап үш ай ішінде бұрынғы жұмыс орны бойынша орташа еңбекақысын сақтау арқылы басқа да тұрақты, еңбекақысы төмен жұмысқа ауыстыру есебінен реттеуге;

8) қызметкерлердің штаты ұлғайтылған кезде соңғы алты айдың ішінде штаттың қысқартылуына байланысты жұмыстан босатылған қызметкерлерге қолда бар бос орындар туралы оларға жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарлауға (егер қызметкер жазбаша хабарламаны алғаннан кейін 10 күн ішінде Жұмыс берушіге жүгінбесе, ол жұмысқа орналасудың артықшылық құқығынан айырылады);

9) босатылатын қызметкерлердің тиісті қайта даярлануы арқылы бос жұмыс орындарына артықшылықпен орналастырылуын қамтамасыз етуге. Қызметкерлердің қайта мамандануын (басқа кәсіптерге оқыту), оқу кезінде олардың орташа табысының 75 пайызын төлеу арқылы Жұмыс берушінің қаражаты есебінен жүзеге асыруға;

10) негізгі жұмысынан босатылмаған, сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелерімен еңбек шартын бұзуды, Компания таратылған жағдайлардан басқада, еңбек шартын бұзудың жалпы тәртібімен, бұл адамдар оның мүшелері болып табылатын кәсіподақ органының дәлелді пікірін ескере отырып жүргізуге.

Негізгі жұмысынан босатылмаған кәсіподақ органының басшысымен (төрағасымен) еңбек шартын бұзуды, Компания таратылған жағдайлардан басқада, жоғары тұрған кәсіподақ органының дәлелді пікірінсіз бұзуды жүргізбеуге.

Кәсіби одақ органының дәлелді пікірін ұсыну тәртібі осы Шартқа 8-қосымшада қарастырылған;

11) Компанияның құрылымдық бөлімшелерін тарату ниеті туралы тиісті кәсіподақ органдарын кем дегенде бір ай бұрын хабардар етуге, бұл ретте Кәсіподақ өкілдерін тиісті комиссиялар мен жұмыс топтарының құрамына кіргізуге;

12) мерзімді әскери қызметке немесе әскери жиындарға шақыртуға жататын қызметкерлерге әскерге басқарудың жергілікті органдардың шақырылуы туралы шақыру қағазы болған кезде медициналық комиссия өту кезеңінде жұмыс орны бойынша жұмыс орнын (лауазымын), еңбек ақысын сақтауға, ал мерзімді әскери қызмет немесе әскери жиындар өту кезеңінде еңбекақысы сақталмайтын демалыстар беруге.

Мерзімді әскери қызметтен немесе әскери жиындардан өтуі кезеңінде жұмыс орны (лауазымы) сақталған қызметкер әскери қызметінен босатылуына немесе әскери жиындардың аяқталуына байланысты әскери бөлімшенің тізімдерінен алынып тасталған күннен бастап бір айдан кешіктірмей өзінің еңбек міндеттеріне кірісуге міндетті;

13) Жұмыс берушінің бастамасымен қызметкердің лауазымына сәйкес келмеуі немесе орындалатын жұмысқа біліктілігінің жеткіліксіз болуы салдарынан еңбек шарты бұзылған кезде, құрамында қызметкердің өкілі қатысуы тиіс аттестациялық комиссияның шешімін негізге алуға. Қызметкерлерді аттестаттаудың тәртібі, шарты және оны жүргізудің кезеңділігі Жұмыс берушінің жеке актісімен анықталады;

14) Кәсіподақ мүшесі болып табылатын қызметкердің еңбек тәртібін бұзуы (лауазымдық міндеттерін орындамауы/тиісінше орындамауы) бойынша талдауларды жүргізу кезінде комиссия құрамына кәсіби одақ органының өкілдерін кіргізуге;

15) жеке еңбек дауларын қарау үшін Компанияның орталық аппаратында, оның филиалдарында, өкілдіктерінде және өзге оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінде тепе-теңдік негізде Жұмыс берушінің және қызметкерлердің өкілдерінің тең санынан тұратын келісу комиссияларын құруға.

Келісу комиссиясы мүшелерінің сандық құрамы, оның жұмысының тәртібі, келісу комиссиясы шешімдерінің мазмұны мен қабылдау тәртібі, келісу комиссиясы өкілдігінің мерзімі Келісу комиссиясы туралы ережемен белгіленеді (осы Шартқа 9-қосымша);

16) «Қазақстан Республикасындағы зейнеткерлікпен қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасы заңының 11-бабы 1-тармағына сәйкес ауыр жұмыстармен, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстармен айналысатын қызметкерлермен зейнет жасына толған кезде еңбек шартын ұзартуға жол бермеуге;

17) қызметкердің осы жұмысты орындауға кедергі келтіретін денсаулық жағдайының салдарынан лауазымына немесе орындайтын жұмысқа сәйкес келмеуі және медициналық қорытынды негізінде оны жалғастыру мүмкіндігін болдырмайтын жағдайларда Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарты тоқтатылған кезде қызметкерге үш ай үшін орташа жалақы мөлшерінде өтемақылық төлемді жүргізуге;

18) қызметкерлердің саны немесе штаты қысқарған жағдайда Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жүкті әйелдермен, үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдермен, он төрт жасқа дейінгі баланы (он сегіз жасқа дейінгі мүгедек баланы) тәрбиелеуші жалғыз басты аналармен, балалардың аталған санатын анасыз тәрбиелеп жатқан өзге тұлғалармен еңбек шартының бұзылуына жол бермеуге міндеттеме алады.

VI бөлім. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау

12. Жұмыс беруші:

1) еңбекті қорғау жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге:

а) жұмыс орындарында еңбек жағдайларын жақсартуға жыл сайын мақсатты түрде арнайы киім, арнайы аяқ киім, жеке қорғану құралдары (дәрі-

дәрмек немесе алғашқы медициналық көмек қобдишалары, емдік-профилактикалық тамақ – сүт, шырындар, жуғыш заттар) шығындарын есептегенде, еңбекақы төлеу қорынан кем дегенде 1 пайыз мөлшерінде қаражат бөлуге;

б) Еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес қызметкерлер өкілдерінің қатысуымен өндірістік объектілердің еңбек жағдайлары бойынша мерзімді аттестациясын өткізуге;

в) аттестациялық комиссия ұсыныстарының негізінде зиянды және қауіпті өндірістік факторларға жатқызған кезде жұмыс орнын қайта жарақтандыру немесе жою жөнінде шаралар қабылдауға;

г) жұмыс орындарын еңбек жағдайлары бойынша аттестациялау нәтижелері бойынша ауыр жұмыстармен, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстармен айналысатын, зиянды химиялық заттармен жұмыс істейтін қызметкерлерге жұмыстың зияндылық деңгейіне сәйкес профилактикалық мақсаттарда сүт немесе оған теңестірілген, сәйкестігі туралы, олардың диеталық алдын алу тағам екенін растайтын өкілетті органдар берген құжаттары бар басқа өнімдерді беруге (осы Шартқа 10-қосымша). Химиялық заттарды өндірумен немесе қолданумен байланысты жұмыстарда нақты жұмыс істеген күндері ауысым кезінде оның ұзақтығына қарамастан 0,5 литрден сүт беруге. Сүтті оған теңестірілген тағаммен ауыстырған жағдайда, оны Мемлекеттік тіркеу куәлігінде көрсетілген сүтті алмастыратын дозада, куәліктің қосымшасында көрсетілген тәсілмен пайдалануға. Қорғасынның органикалық емес қосылыстарымен жұмыс істейтін қызметкерлерге сүтке қосымша 0,25-0,30 литр мөлшерінде табиғи жеміс шырынын мәйегімен бірге беруге. Осы Шартқа 10-қосымшаға өзгерістер миен толықтырулар жұмыс орындарын аттестациялау нәтижелері бойынша енгізіледі;

д) жұмыс істеушілер саны әрбір өзгерген сайын, цехтердің, учаскелердің және жұмыс орындарының технологиялық процестеріне тиісті түзетулер енгізуге;

2) жұмыс орындарында:

а) еңбектің қауіпсіз жағдайларын;

б) қажетті санитарлық-гигиеналық жағдайларды;

в) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау күйіне бақылау жасауды;

г) еңбек қауіпсіздігі, жағдайлары және еңбекті қорғау күйі туралы еңбек ұжымына дер кезінде хабарлауды қамтамасыз етуге.

Жұмыс орнында еңбектің қауіпсіз жағдайлары қамтамасыз етілмеген жағдайда, қызметкерлерді міндеттерін орындауға тартпауға.

Әйелдер мен жасы 18-ге толмаған тұлғаларды ауыр жұмыстарға және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарға уәкілетті органның нормативтік актілеріне сәйкес қабылдауға жол бермеуге;

3) қызметкерлердің белгіленген нормалар бойынша жуғыш, дезинфекциялаушы құралдармен және басқа да жеке қорғану құралдарымен, сондай-ақ, арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен мына мерзімдерге:

жазғыларымен – 15 сәуірге дейін, қысқыларымен – 1 қазанға дейін қамтамасыз етілуін жүзеге асыруға.

Зейнеткерлікке шығуына немесе Компанияның зейнеткерлікке ерте шығу туралы жергілікті актіне байланысты жұмыстан босатылған қызметкерге оның келісімі бойынша берілген арнайы киімді және арнайы аяқ киімді қалдық құнын төлетіп, өзінде қалдыруға.

Жеке қорғану құралдары уақытынан бұрын тозған жағдайда, оларды мерзімінен бұрын ауыстыруды жүргізуге.

Дене мен қолдың кірлеуіне байланысты жұмыстармен айналысатын қызметкерлерге сабын берудің бір айлық нормасын Компанияның филиалы басшысының бұйрығымен бекітілген Қызметкерлер кәсіптерінің тізіміне сәйкес кемінде 500 грамм мөлшерінде бекітуге.

Кәсіптерді қоса атқарғанда, негізгі жұмысты орындауға қатысы жоқ технологиялық, жөндеу-құрылыс және басқа да қосалқы-көмекші жұмыстарға тартылған кезде, сол жұмыстарды орындау үшін нормалармен көзделген қосымша жеке қорғану құралдарын беруге;

4) жұмысы поездар қозғалысымен және жолаушыларға қызмет көрсетумен байланысты, Жұмыс берушінің актілеріне сәйкес жұмыс уақытында нысандық киім кию міндетті болып табылатын қызметкерлерге белгіленген нормативтер бойынша нысандық киімді көзделген айырым белгілерімен және аксессуарларымен (фуражка, бөрік-құлақшын, дөңгелек жұмсақ және фетрден жасалған берет, көйлек, галстук, аяқ киім) ақысыз беруді жүргізуге;

5) мыналарды:

поездардың қозғалысын қалпына келтіру үшін қармен күресу, құммен күресу, сумен күресу және басқа табиғи апаттардың салдарларын жою жөніндегі жұмыстарды орындайтын Компания қызметкерлерін;

қалпына келтіру, жөндеу, өрт сөндіру және басқа да апаттық жұмыстарды орындау кезінде қалпына келтіру, өрт сөндіру поездарының қызметкерлерін жұмыстың жүріп-тұру сипаты үшін қосымша ақы төлеп;

машиналандырылған жол дистанциялары қызметкерлерін тамақпен қамтамасыз етуге.

Осы жұмыстарға тартылатын әрбір қызметкерге тәулігіне кем дегенде 4 сағаттық үздіксіз жұмыс кезінде кем дегенде Қазақстан Республикасында белгіленген 0,3 АЕК мөлшерінде тамаққа қаражат қарастыруға;

б) аралықтардағы жұмыстарды орындайтын Компания филиалдарының қызметкерлерін ауыз сумен қамтамасыз етуге;

7) қызметкерлер жұмыс орнынан 2 километрден астам қашықтықта тұратын және қоғамдық көлік болмаған жағдайда, 2, 3, 4, 5-класс станцияларында, Жаңаарқа, Тобыл, Өскемен-1, Шұбаркөл станцияларында жұмыс істейтін қызметкерлерді жұмыс орнына, ал жұмыс аяқталған соң тұратын жеріне қызметтік көлікпен жеткізуге. Қызметтік немесе кезекші көлік болмаған жағдайда 2 АЕК мөлшерінде ай сайын үстеме ақы белгілеуге;

8) мыналарды:

а) ауыр жұмыстармен, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстармен айналысатын қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен мерзімді медициналық қараулар мен тексерулердің жүргізілуін;

б) жоғары қауіптілікпен, машиналармен және механизмдермен байланысты жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі медициналық куәландырудан өтуін қамтамасыз етуге.

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган қабылдағанға дейін ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі медициналық куәландыруды талап ететін кәсіптердің тізімі осы Шартқа 11-қосымшада анықталған;

9) еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларға негізгі жұмыс орны бойынша орташа еңбекақысын сақтаумен еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың сақталуына ішкі бақылауды жүзеге асыру үшін айына 8 сағат беруге.

Айрықша көзге түскен еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды құрылымдық бөлімше басшысының және кәсіподақ комитетінің бірлескен ұсынысы бойынша ынталандыруға;

10) берілген арнайы киімді, арнайы аяқ киімді және басқа да жеке қорғану құралдарын пайдаланбайтын адамдарды жұмысқа жібермеуге;

11) жұмысқа жаңа келгендерден басқа, станцияларда және разъездерде тұратын филиалдардың қызметкерлеріне кезекті міндетті медициналық тексеруден өту кезінде іссапар шығыстарын (тәуліктік ақы, жол ақысы, тұру ақысы) төлеуді жүргізуге және орташа айлық еңбекақысын сақтауға;

12) уәкілетті органда қайта куәландырудан өткен кезде кезекті медициналық-әлеуметтік сараптаманы өткізетін күндері мүгедекке еңбекақысын сақтауға. Бұл ретте төлемді кем дегенде екі күннен артық болмайтындай жүргізуге;

13) есепке алуға жататын өндірістегі жазатайым оқиғаның немесе кәсіби аурудың нәтижесінде жұмыс істеу қабілетін толық немесе ішінара жоғалтқан қызметкерге немесе қызметкер қайтыс болған жағдайда ҚР заңнамасына сәйкес оны алуға құқығы бар тұлғаларға:

қызметкер қайтыс болған жағдайда қызметкердің он еселенген жылдық табысы мөлшерінде, алайда 10 000 АЕК-тен артық емес;

1 немесе 2-топ мүгедегі болып танылғанға бес еселенген жылдық табысы мөлшерінде, алайда 5 000 АЕК-тен артық емес;

3 топ мүгедегі болып танылғанға екі еселенген жылдық табысы мөлшерінде, алайда 2 000 АЕК-тен артық емес;

қызметкерге, мүгедектікті тағайындамай, жұмыс істеу қабілетін тұрақты жоғалтқаны белгіленген жағдайда моральдық залалдың өтемақысын қоса алғанда жылдық табысы мөлшерінде, алайда 1 000 АЕК-тен артық емес, біржолғы жәрдемақы төлеуге.

Мүгедектік тобы өзгерген жағдайда, бір жолғы жәрдемақының мөлшерін қайта есептеу жүргізілмейді;

14) қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды, сондай-ақ, егер, зардап шегуші, осы көмек түрлеріне мұқтаж деп танылса және оларды

ақысыз алмаса, денсаулығының зақымдануынан туындаған емделуге, қосымша тамақтануға, дәрі-дәрмектер сатып алуға, протездеуге, басқа адамның қарауына, санаторлық-курорттық емделуге, арнаулы көлік құралдарын сатып алуға, басқа кәсіпке дайындалуға және т.б. байланысты шығыстарын өтеуге.

Емдеуге, санаторлық-курорттық емдеуге арналған шығыстарды төлеуді растайтын құжаттарды ұсынған еңбек міндеттерін орындаған кезде келтірілген зиянды өтеуге құқығы бар тұлғаға нақты шығындары бойынша шығыстарын өтеуге. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан санаторийлерге жолдамалар бойынша, сондай-ақ, егер зардап шегуші денсаулығының жағдайы бойынша Қазақстан Республикасында көрсетілмейтін санаторлық-курорттық ем алуға мұқтаж болған жағдайда, Қазақстан Республикасынан тысқары жерде орналасқан санаторийлерге жолдамалар бойынша санаторлық-курорттық емдеуге арналған шығыстарды өтеуге.

Өзінің еңбек міндеттерін орындаған кезде оның денсаулығына келтірілген зиянды өтеуге құқығы бар қызметкердің протездеуге шығыстарын төлеу үшін протездерді қоюға лицензиясы бар, протездерді пайдалануға кепілдік беретін мекемелермен Келісім осы Шартқа 12-қосымшада белгіленген нысан бойынша жасалады.

Күтімді әлеуметтік қызметкер, сондай-ақ, отбасы мүшесі жүзеге асыра алады. Күтім үшін шығыстар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгіленген 1 жылға дейінгі жұмыс өтілі жағдайында азаматтық қызметшілердің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің (жұмысшыларды қоспағанда) лауазымдық жалақыларын (мөлшерлемелерін) есептеуге арналған коэффициентке көбейтілген базалық лауазымдық жалақыға тең болатын, күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкердің бір айлық жалақысы мөлшерінде өтеледі.

Көмектің бірнеше түріне мұқтаж зарадап шеккен адамға көмектің әр түрін алумен байланысты шығыстар белгіленеді.

Шығыстар мөлшері талап етілетін күтімнің сипатына байланысты анықталады және медициналық күтімге мұқтаж мүгедектер үшін мүгедектің тұрған жері бойынша күтімді жүзеге асыратын әлеуметтік қызметкердің тарифтік мөлшерлемесінен (жалақысынан) кем болмайтындай етіп, ал тұрмыстық күтімге мұқтаж адамдар үшін, сондай қызметкердің тарифтік мөлшерлемесінің (жалақысының) 50 пайызынан кем болмайтындай етіп белгіленеді.

Мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасының, әлеуметтік-медициналық сараптаманың қорытындылары негізінде еңбек міндеттерін орындауына байланысты жұмыс барысында мертіккен немесе кәсіби ауруға шалдыққан мүгедектерге:

- 1) осы Шартқа 13-қосымшаға сәйкес арнайы көлік құралын сатып алуға;
- 2) осы Шартқа 14-қосымшаға сәйкес арнайы қатынас құралдарын сатып алуға ақшалай қаражат бөлуге.

Арнайы көлік құралдарын сатып алуға ақшалай қаражат алған мүгедектерге сондай-ақ осы Шартқа 13-қосымшаға сәйкес арнайы көлік құралын күрделі жөндеуге және бензинге ақшалай қаражат бөлінеді;

15) өндірістік жарақат алған 3-топ мүгедектерінің жұмысқа орналастырылуын, қажет болғанда олардың қайта оқытылуын қамтамасыз етуге;

16) кәсіби ауруы анықталған кезде медициналық қорытындыға сәйкес қызметкерді жұмыс істеу қабілеті қалпына келгенге немесе мүгедектігі тағайындалғанға дейін орташа еңбекақысын сақтап, басқа жұмысқа ауыстыруға;

17) еңбек міндеттерін орындаған кезде қызметкердің мертігуіне, кәсіби ауруға шалдығуына немесе денсаулығының басқаша зақымдалуына байланысты келтірілген залалды өтеу есебінен төленетін сомалардың қайта есептелуін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізуге;

18) жылдың суық кезінде ашық ауада жұмыс істейтін қызметкерлерге әрбір сағат сайын жылынуға он минут беруге. Бұл уақытты жұмыс уақытына кіргізуге. Аталған қызметкерлердің жылынуы және демалуы үшін жабдықталған жаймен қамтамасыз етуге;

19) мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарының талабы бойынша жұмыс тоқтатылған жағдайда, орташа еңбекақысын сақтай отырып, қызметкерді басқа жұмыс орнына ауыстыруға;

20) зардап шегуші немесе оның туысқаны өз өкілін белгілеген жағдайды қоспағанда, кәсіподақ қызметкерін Кәсіподақ мүшесі болып табылатын зардап шегуші қызметкердің уәкілетті өкілі деп санауға;

21) жаңадан ұйымдастырылған өндірістерде олардың жұмыс ерекшелігін ескере отырып, арнайы киім мен арнайы аяқ киім беру нормаларын белгілеуге;

22) қызметкерлерді олардың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауы кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырылуын қамтамасыз етуге;

23) еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды жақсартуға арналған кешенді іс-шараларды барлық тиісті деңгейлердегі және барлық құрылымдық бөлімшелердегі кәсіби одақ органдарының, Өндірістік кеңестердің және/немесе қызметкерлер өкілдерінің консультациялары мен қатысуларын ескере отырып әзірлеуге міндеттеме алады.

VII бөлім. Компания қызметкерлеріне әлеуметтік пакет

13. Жұмыс беруші:

1) 1 және 2-топ мүгедектігі, «Қазақстан Республикасындағы зейнеткерлікпен қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасы заңымен белгіленген жасы келуі бойынша зейнеткерлікке шығуына байланысты жұмыстан босатылған кезде теміржол көлігі ұйымдарындағы еңбек өтілі:

- 5 жылдан кем - лауазымдық жалақысынан (тарифтік мөлшерлемесінен) 25% мөлшерінде;

- 5 жылдан артық қызметкерлерге - лауазымдық жалақысы (тарифтік мөлшерлемесі) мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы төлеуге.

«Құрметті теміржолшы» белгісімен марапатталғандарға бір жолғы өтемақыны 50 пайызға ұлғайтуға;

2) мыналарға:

а) қызметкердің қайтыс болуына байланысты – 100 АЕК; қызметкердің ата-аналары, жұбай/жары, балалары қайтыс болуына байланысты – 50 АЕК;

Материалдық көмек материалдық көмекке құқығы бар отбасы мүшелерінің ішінен бір өтініш берушіге көрсетіледі

б) бала тууына, жаңа туған баланы асырап алуына байланысты – 30 АЕК мөлшерінде, ал 4, 5-класты станцияларда және разъездерде жұмыс істейтін қызметкерлерге – 40 АЕК мөлшерінде.

Материалдық көмек әр балаға төленеді

в) некені тіркеумен байланысты – бюджетте бөлінген қаражат шектерінде 15 АЕК мөлшерінде төлеуге.

Орналасқан жері Ресей Федерациясының аумағындағы Компания филиалдарында материалдық көмек рубльмен, Қазақстан Республикасы бойынша белгіленген АЕК баламасында көрсетіледі.

Материалдық көмек көрсетуге арналған өтініштер оқиға болған күннен бастап 90 күннен кешіктірмей, растаушы құжаттарды қоса тіркеумен берілуі тиіс.

Материалдық көмек оқиға болған датадағы белгіленген АЕК көрсеткішінің мөлшерінде көрсетіледі.

Егер материалдық көмекке құқығы бар отбасы мүшелері Компанияның қызметкерлері болып табылған жағдайда материалдық көмек олардың біреуіне көрсетіледі;

3) жылына бір реттен артық емес теміржол көлігімен жол жүруін өтеуге:

а) Компания қызметкерлерінің («Құрметті теміржолшы» белгісімен наградталғандарды қоспағанда) және олардың асырауындағы адамдардың біреуінің жолаушылар поездарының купелік вагонында, сондай-ақ «Тальго» вагондарынан құрастырылған поездарда «Турист» класты вагонда жол жүру құнынан артық емес;

б) «Құрметті теміржолшы» белгісімен наградталған Компания қызметкерлерінің және олардың асырауындағы адамдардың біреуінің жолаушылар поездарының ұйықтайтын вагонында, сондай-ақ «Тальго» вагондарынан құрастырылған поездарда «Бизнес» класты вагонда жол жүру құнынан артық емес.

Қызметкерлерге баратын жеріне және кері қарай теміржол көлігімен жол жүруді төлеуге арналған шығыстары өтеледі, бұл ретте жөнелту станциясынан жол жүру құжаттын (билетін) сатып алу мүмкіндігі болмаған жағдайда жол жүруді төлеуге арналған шығыстарды өтеу Қазақстан Республикасының және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумағы

бойынша теміржол көлігіндегі сол жолдағы басқа станцияларда сатып алынған жол жүру құжатының (билеттің) негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Тікелей маршрут поездары болмаған жағдайда транзиттік жол жүруге және қажет бағыттағы поездарға бір бағытта (баратын жеріне және кері қарай) екі реттен артық емес ауысып мінуге рұқсат етіледі.

Транзиттік ауысып міну уақыты 48 сағаттан аспауы тиіс.

Қызметкерлерге баратын жеріне және кері қарай теміржол көлігімен жол жүруді төлеуге арналған шығыстары өтеу, егер соңғы жол жүру құжатын сатып алу датасы есептік кезеңнің желтоқсанына келсе, ал теміржол көлігімен жол жүруді төлеуге арналған шығыстары өтеуге арналған өтінішті қызметкер есептіктен кейінгі жылдың қаңтар айында жіберсе және есептік жылда осы қызметкерге теміржол көлігімен жол жүруді төлеуге арналған шығыстары өтеу жүргізілмеген жағдайда жылына екі рет жүргізілуі мүмкін.

Қызметкердің асырауындағы адамның жалғыз жүру (қызметкердің өзінің ілесіп жүруінсіз) шығыстарын өтеу кезінде қызметкер өзінің қарауындағы адамынсыз жеке жол жүруінің шығыстарын өтетуге құқылы.

Қызметкердің қалауы бойынша (жылына бір рет ақысыз жол жүруді төлеуге арналған шығыстарды өтеуге арналған құқығының орнына) бір жыл ішінде айына бір бағытта 150 км-ден артық болмайтындай екі рет (баратын жеріне және кері қарай) жол жүру есебінен жолаушылар және қала маңындағы қатынас поездарында жүруге арналған шығыстарды өтеуге.

Теміржол көлігімен жол жүруді төлеуге арналған шығыстары өтеу тәртібі Компанияның жергілікті актілерімен анықталады;

4) Компания бюджетінің бөлінген қаражаты шектерінде:

а) қызметкерлерге Қазақстанның және жақын шетелдегі елдердің сауықтыру орталықтарында санаторлық-курорттық сауықтыруға жеңілдетілген жағдайда жолдамалар беруге;

б) темір жол көлігіндегі жұмыс өтілі кем дегенде 5 жыл және еңбекақысы 60 еселенген АЕК мөлшерінен төмен қызметкерлерге медициналық көрсетілімдері, толтырылған санаторлық картасы, жолдама үшін төленген шоты болған жағдайда, санаторлық-курорттық емделуге (санаторлық-курорттық сауықтыру қызметтерін көрсететін санаторийлерге Компания жеңілдікпен беретін жолдамалардан басқа) 60 еселенген АЕК мөлшерінде, ал орналасқан жері Ресей Федерациясының аумағындағы филиалдар үшін - Қазақстан Республикасында белгіленген АЕК-ке балама, рубльмен материалдық көмек көрсетуге.

Санаторлық-курорттық сауықтыруға жолдамалар мен материалдық көмек ауыр жұмыспен, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстармен айналысатын қызметкерлерді және Компанияның жергілікті актісінде анықталған тұлғалар санаттарын қоспағанда, айлық тарифтік мөлшерлемелері (лауазымдық жалақылары) 150 АЕК-тен аспайтын Компания филиалдарының қызметкерлеріне беріледі.

Санаторлық-курорттық сауықтыруға жолдамалар беру/материалдық көмек көрсету тәртібі Компанияның жергілікті актілерімен анықталады;

5) Компания бюджетінің бөлінген қаражаты шектерінде теміржол көлігіндегі жұмыс өтілі кем дегенде 20 жыл қызметкерлерге тістерін протездеуді төлеуге жиырма төрт айда бір рет 15 (он бес) АЕК мөлшерінде материалдық көмек көрсетуге;

Орналасқан жері Ресей Федерациясының аумағындағы Компания филиалдарының қызметкерлеріне Қазақстан Республикасында белгіленген АЕК-ке баламада, рубльмен.

Материалдық көмек тістерді протездеу жөніндегі қызметтердің көрсетілу фактісін растайтын құжаттар (шот-фактуралар, орындалған жұмыстар актісі, қазыналық чек) негізінде жүргізіледі.

Тістерді протездеуді төлеуге арналған шығыстарды өтеу тәртібі Компанияның жергілікті актілерімен анықталады;

6) шағын станцияларда, разъездерде тұратын қызметкерлерді ауыз сумен қамтамасыз етуді жақсарту бағдарламасын әзірлеуге және іске асыруға;

7) 3, 4, 5-класс станцияларына, озу пункттері мен разъездерге бөлу бойынша жұмысқа келген жас маман - теміржолшыларға және шақырылған қызметкерлерді қоспағанда, ауысуды жүзеге асыруға ниет білдіруші қызметкерлерге орналасу үшін 25 АЕК мөлшерінде материалдық көмек көрсетуге және жұмыстың алғашқы екі жылы ішінде тарифтік мөлшерлемелерге 20 пайыздық үстеме ақы төлеуді жүргізуге.

Орналасқан жері Ресей Федерациясының аумағындағы 3, 4, 5-класс станцияларына, озу пункттері мен разъездерге келгендеріне Қазақстан Республикасында белгіленген АЕК-ке баламада, рубльмен, материалдық көмек көрсетуге;

8) Жұмыс берушінің актілеріне сәйкес қызметкерлердің және олардың балаларының темір жол бейініндегі жоғары және орта арнайы кәсіби білім беру ұйымдарында оқуына қаражат бөлуге.

Қызметкерлерді Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы негіздеріне оқыту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға;

9) жұмыс өтілі еркектер үшін – кем дегенде 20 жыл, әйелдер үшін - кем дегенде 15 жыл болған жағдайда, әйелдердің - 55 жасқа, ерлердің - 60 жасқа толуына байланысты бір айлық тарифтік мөлшерлеме (еңбекақы) мөлшерінде бір жолғы көтермелеуді жүргізуге.

Бір жолғы көтермелеу оқиғаның датасындағы бір айлық тарифтік мөлшерлеме (лауазымдық жалаақы) мөлшерінде жүргізіледі.

Бір жолғы көтермелеу көрсетуге арналған өтініш оқиғаның болған датасынан бастап 90 күннен кешіктірілмей берілуі тиіс.

10) Компанияның бюджетінде бөлінген қаражат шектерінде, 8 АЕК мөлшерінде 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне әйелдерді бір жолғы көтермелеуді жүргізуге;

11) Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес жүктілікке және босануға, жана туған баланы (балаларды) асырап алған байланысты табысты жоғалтқан жағдайда, әлеуметтік төлем сомасын ұстап қалып, орташа еңбекақыны сақтай отырып, жүктілікке және босануға байланысты демалысқа,

жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлерге берілетін демалысқа ақы төлеуге.

Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған байланысты табысты жоғалтқан жағдайда, әлеуметтік төлем сомасын ұстап қалып, орташа еңбекақыны сақтай отырып, жүктілікке және босануға байланысты демалысқа, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлерге берілетін демалысқа ақы төлеуге арналған өтініштер оқиға болған датадан бастап 90 күннен кешіктірмей берілуі тиіс;

12) Компанияның зейнеткерлікке ерте шығу тәртібін қарастыратын жергілікті актісі бойынша екіжақты келісім негізінде еңбек шартын бұзған қызметкерлерді қоспағанда, еңбектің зиянды және (немесе) қауіпті жағдайлары бар, сондай-ақ поездар қозғалысының қауіпсіздігімен байланысты жұмыстармен айналысатынмен зейнеткерлік жасқа кем дегенде 3 жыл қалған қызметкерлерге салалық жәрдемақы төлеуді енгізу мүмкіндігін қарауға;

13) Компанияның бюджетінде бөлінген қаражат шектерінде өндірістегі жазатайым оқиға нәтижесінде қайтыс болған Компания қызметкерлері мен қызметкерлерінің отбасыларына, көзделмеген шығындарға апаратын айырықша маңызды оқиғалар туындаған кезде 200 АЕК-тен аспайтын мөлшерде материалдық көмек көрсетуге.

Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Компания филиалдарының қызметкерлеріне, өндірістегі жазатайым оқиға нәтижесінде қайтыс болған Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Компания филиалдарының қызметкерлерінің отбасыларына Қазақстан Республикасы бойынша белгіленген АЕК-ке баламада, рубльмен материалдық көмек көрсетуге.

Материалдық көмекті көрсету тәртібі Компанияның жергілікті актілерімен анықталады;

14) жоғары білікті кадрларды қолдау, тарту және бекіту мақсатында Жұмыс берушінің актілеріне сәйкес қызметкерлерге жеңілдікті шарттармен тұрғын үйлер беруге.

Желілік станцияларда және бөлек пункттерде кадрларды бекіту үшін оларды қызметтік тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қарастыруға;

15) жас қызметкерлерді әлеуметтік қолдау мақсатында төмендегілерді жүргізуге:

- Компания бюджетінен бөлінген қаражат шектерінде «Сен болмасаң, Кім?» девизимен жас теміржолшылардың копоративтік лагерінің жыл сайынғы сессияларын, «Жастар – темір жол болашағы!» жас қызметкерлердің өңірлік және республикалық форумдарын;

- «Жас кәсіби маман» жыл сайынғы жастар сыйлықақысын беру жөніндегі конкурстарды;

16) магистральдық желі бөлімшелерінің, сондай-ақ Илецк, Восточный темір жол учаскесі және Достық станциясы жастары істері жөніндегі кеңесінің ең белсенді өңірлік өкілдеріне Жұмыс берушінің жеке актісіне сәйкес

Компания бюджетінен бөлінген қаражаттар шектерінде 30 (отыз) АЕК мөлшерінде жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша бір жолғы материалдық көмек көрсетуге;

17) «Жас кәсіби маман» жыл сайынғы кәсіби конкурстың қорытындылары бойынша 15 (он бес) жеңімпазға келесі мөлшерде бір жолғы материалдық көтермелеу көрсетілсін:

- 1 (бірінші) орын алған қызметкерлерге – 100 АЕК;

- 2 (екінші) орын алған қызметкерлерге – 80 АЕК;

- 3 (үшінші) орын алған қызметкерлерге – 60 АЕК;

18) Жастар күніне Компания бюджетінен бөлінген қаражат шектерінде жыл сайын Компания филиалдары қызметкерлерінің ішінен «Мерейлі жас теміржол отбасы» конкурсының жеңімпаздары болып танылған жас отбасыларына 15 АЕК мөлшерінде материалдық көмек көрсетуге.

Конкурстың тәртібі мен ережелері Компанияның жергілікті актілерімен белгіленеді;

19) білім беру мекемелері (мектептер, мектеп-интернаттар) жоқ елді мекендерде тұратын қызметкерлерге мектеп жасындағы баласы бар қызметкер қажетті құжаттарды (жұмыс орнынан анықтамаларды, мектеп жасындағы балаларының санын растайтын анықтамаларды, мектептің орналасқан жерін және балалардың осы мектепте оқитынын растайтын мектеп анықтамаларын) тапсырған кезде қалалар мен ірі тораптық станцияларда орналасқан мектептердегі, мектеп-интернаттардағы оқу орнына барып келу үшін бір оқушыға арналған 1 АЕК мөлшерінде (орналасқан жері Ресей Федерациясының аумағындағы Компания филиалдарында – Қазақстан Республикасында белгіленген АЕК-ке баламада, рубльмен) оқу жылы кезеңінде ай сайын қосымша ақы төлеуге;

20) қызметкерлерге уақытша еңбекке жарамсыздығы жөніндегі әлеуметтік жәрдемақыны заңнамаға сәйкес есептелген орташа еңбекақы есебінен төлеуге.

Бұл ретте уақытша еңбекке жарамсыздығы жөніндегі айлық жәрдемақының мөлшері келесі мөлшерлерден артық болмауы тиіс:

теміржол саласындағы жұмыс өтілі 15 жылға дейін – 15 АЕК;

теміржол саласындағы жұмыс өтілі 15 жылдан артық - 30 АЕК.

Қызметкердің жұмыста жарақаттануымен немесе кәсіби ауруымен байланысты уақытша еңбекке жарамсыздығы жөніндегі жәрдемақы орташа еңбекақының 100% мөлшерінде төлеуге;

21) мыналарға:

а) Компания қызметкерлері балаларының, соның ішінде еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиға нәтижесінде еңбекке қабілеттілігін толық немесе ішінара жоғалтқан немесе қаза тапқан қызметкерлердің балаларының балалар сауықтыру орталықтарындағы жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыруға;

б) медицина қызметкерінің ілесіп жүруімен Компания қызметкерлері балаларының демалыс орнына және кері апарып, алып келуге ақша бөлуге.

Балалар сауықтыру демалыс орталықтарында болған кезеңде жолдама құнының есебінен жазатайым оқиғалардан балаларды ерікті сақтандыруды қамтамасыз етуге;

22) жыл сайын, Отан қорғаушы күнін мерекелеуге орай Компанияда есепте тұрған Компанияның қызметкерлері - Чернобыль АЭС-індегі апат салдарларын жоюға қатысушыларға және ҰОС қатысушыларына теңестірілген (әскери қызметін Ауғанстанда немесе оларда соғыс іс-қимылдары жүргізілген мемлекеттерде өткізген) қызметкерлерге 20 АЕК мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек көрсетуге;

23) жұмыс орындарын (лауазымдарын) және еңбекақыларын сақтай отырып, қызметкерлердің әлеуметтік-мәдени іс-шараларға, Компания және Кәсіподақ өткізетін жастар және басқа форумдарына, конференцияларға, тренингтерге, пікірталас клубтарына, сессияларына, жас кәсіподақ көшбасшысы мектептеріне және Компания мен Кәсіподақтың құрама командаларының республикалық және халықаралық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етуге;

24) Компанияның бюджетінде қаражат болған жағдайда, барлық қызметкерлерге медициналық қызметтің көрсетілуін қамтамасыз етуге;

25) донор болып табылатын қызметкер медициналық тексеруден және қаны мен оның құрамдастарын донациялаған күндері оның орташа еңбекақысы сақталумен, жұмыстан босатылады.

Донорлық функцияны жүзеге асырушы донор орташа еңбекақысын сақтаумен қосымша бір күн демалысты өтеусіз алады.

Егер донор болып табылатын қызметкер Жұмыс берушімен келісім бойынша қанды және оның құрамдастарын донациялау күндері жұмысқа кіріскен жағдайда оған оның қалауы бойынша оның орташа еңбекақысын сақтаумен басқа демалыс күні берілуі немесе бұл күн жыл сайынғы еңбек демалысына қосылуы мүмкін;

26) трансплантациялау үшін мүшенің (мүшенің бөліктерінің) және (немесе) тіннің (тіннің бөліктерінің) доноры болып табылатын қызметкерге тексеру және мүшесін (мүшесінің бөліктерін) және (немесе) тінін (тіннің бөліктерін) алу уақытында жұмыс орнын (лауазымын) және орташа жалақысын сақтауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес өзге кепілдіктер беруге;

27) бір жарым жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге, бір жарым жасқа дейінгі балаларды анасыз тәрбиелеуші әкелерге (бала асырап алушыларға) жұмыстың әрбір үш сағаты сайын келесі ұзақтықпен баласын (балаларын) тамақтандыру үшін қосымша үзілістер беруге:

1) бір баласы барларға – әрбір үзілістің ұзақтығы отыз минуттан кем емес;

2) екі немесе одан көп балалары барларға – әрбір үзілістің ұзақтығы бір сағаттан кем емес.

Баланы (балаларды) тамақтандыру үшін үзілістер қызметкердің өтініші бойынша демалыс пен тамақ ішуге арналған үзіліске қосылады немесе жинақталған үзілістер жұмыс күнінің (ауысымның) басында немесе аяғында беріледі.

Баланы (балаларды) тамақтандыру үшін үзілістер жұмыс уақытына қосылады. Үзіліс кезінде әйелдерге, әкелерге (асырап алушыларға) орташа еңбекақысы сақталады;

28) жүкті әйелдерге тексерілуі және он екі аптаға дейінгі жүктілігі бойынша есепке қоюы уақытында жұмыс орнын (лауазымын) және орташа жалақысын сақтауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес өзге кепілдіктер беруге;

29) «Болашақ» халықаралық стипендиясы аясында шетелге оқуға, тағлымдамаға жіберілген қызметкерлерге жұмыс орнын (лауазымын) сақтаумен оқу демалыстарын беруге.

Бұл ретте егер қызметкер оқу аяқталған күннен бастап 2 ай ішінде жұмыстағы лауазымдық міндеттеріне кіріспесе, қызметкердің жұмыс орны (лауазымы) сақталмайды;

30) уақытша еңбекке жарамсыздығы жөніндегі жәрдемақыны:

а) заңды күшіне енген соттың үкімімен оның кінәлілігі айқындалған жағдайда, уақытша еңбекке жарамсыздығы ол қылмыс жасаған кезде жарақат алуының салдарынан болған қызметкерге;

б) соттың ұйғарымы бойынша қызметкерді мәжбүрлі емдеу уақытында (психикалық аурулардан басқа);

в) заңды күшіне енген соттың үкімімен немесе сот қаулысымен оның кінәлілігі айқындалған жағдайда қызметкердің қамауда болған уақытында және соттық-медициналық сараптама уақытында;

г) алкогольдік ішімдіктерді, есірткі және токсикологиялық заттарды қолдану салдарынан ауырып қалған немесе жарақат алған қызметкердің уақытша еңбекке жарамсыздығы кезінде;

д) жыл сайынғы еңбекақысы төленетін демалыс кезінде еңбекке жарамсыз болған күндері үшін төленбейді;

31) кластан тыс және бірінші класты станцияларда жұмыс істейтін қызметкерлердің, Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан Компанияның орталық аппараты мен филиалдары қызметкерлерінің балаларына жаңа жылдық ертеңгіліктерді ұйымдастыру үшін, бір жастан он жастағы балаларды қоса есептегенде, бір балаға бір АЕК-тың 50 пайызынан кем болмайтын мөлшерде, ал 2, 3, 4, 5 класты станцияларда және разъездерде жұмыс істейтін Компания филиалдарының қызметкерлеріне Жаңа жылға қарсы бір балаға бір АЕК-тың 50 пайызынан кем болмайтын мөлшерде материалдық көмек көрсетуге қаражат қарастыру.

Бюджетте қызметкерлердің он жасқа дейінгі балаларын қоса есептегенде, бір балаға бір сыйлықтың бағасы бір АЕК-ке дейін болатындай, жаңа жылдық сыйлықтар сатып алуға қаражат қарастыру.

Егер баланың ата-анасының екеуі де Компанияның қызметкері болған жағдайда жаңа жылдық сыйлық және жаңа жылдық ертеңгілікке билет/материалдық көмек олардың біреуіне ғана көрсетіледі;

32) әрбір балаға материалдық көмек көрсетуге:

а) 1 қыркүйекке – 3 және одан көп оқушы балалары бар қызметкерлерге, жалғыз өзі 2 оқушы бала тәрбиелеуші қызметкерлерге 2 АЕК мөлшерінде;

б) мүгедектер күніне - 18 жасқа дейінгі мүгедек балалары бар қызметкерлерге 10 АЕК мөлшерінде.

Егер баланың ата-анасының екеуі де Компанияның қызметкері болған жағдайда материалдық көмек тек қана олардың біреуіне ғана беріледі;

33) Отбасы күніне төрт және одан артық баласы (18 жасқа дейінгі балалары, 18 жасқа дейінгі мүгедек балалары) бар көп балалы отбасыларға және жалғыз өзі 2 және одан артық бала тәрбиелеп отырған қызметкерлерге 4 АЕК мөлшерінде материалдық көмек көрсетуге.

Егер баланың ата-анасының екеуі де Компанияның қызметкері болған жағдайда материалдық көмек тек қана олардың біреуіне ғана беріледі;

34) Балаларды қорғау күніне 14 жасқа дейінгі баланы/балаларды жалғыз тәрбиелеп отырған қызметкерлерге 5 АЕК мөлшерінде материалдық көмек көрсетуге;

35) мүгедектік алған қызметкерлермен еңбек шартын бұзған кезде оларды Компанияның зейнеткерлері ретінде әлеуметтік пакет берумен, Компанияның филиалдарында есепке қоюды қамтамасыз етуге;

36) ауыр жұмыспен, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстармен айналысатын қызметкерлермен еңбек шарттарын олар зейнеткерлік жасқа толғанға дейін үш жылдан артық еместе Еңбек кодексінің 49-бабының 1) тармағында, 5) тармағында қарастырылған негіздер бойынша бұзған жағдайда келесі екі жағдай болған кезде олар зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін оларды Компанияның зейнеткерлері ретінде есепке қоюды қамтамасыз етуге;

а) теміржол көлігінде жұмысының жалпы өтілі 30 жылдан кем емес;

б) еңбек шартын бұзғанға дейінгі теміржол көлігіндегі үздіксіз еңбек өтілі 3 жылдан кем емес;

37) жыл сайын Компания бюджетінде бөлінген қаражат шектерінде «Жоба-менеджмент» конкурсының номинанттары мен жеңімпаздарын қоспағанда, үміткерлерге 20 АЕК мөлшерінде бір жолғы материалдық көтермелеуді жүзеге асыруға міндеттеме алады.

Конкурстың тәртібі мен шарттары Компанияның жергілікті актілерімен анықталады.

VIII бөлім. Компания зейнеткерлеріне әлеуметтік пакет

14. Жұмыс беруші:

1) Қазақстан Республикасына көшіп келген, зейнеткерлікке Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы елдердің теміржол ұйымдарынан зейнеткерлікке шыққан, жұмыс өтілі кем дегенде 10 жыл зейнеткер-теміржолшылардың Компания филиалдарында тұрғылықты жері бойынша есепке қойылуын қамтамасыз етуге және оларға осы Шартта көзделген жеңілдіктерді беруге;

2) жұмыс істемейтін зейнеткер-теміржолшы қайтыс болған жағдайда оның отбасына немесе оны жерлеуді жүзеге асыратын адамға 15 еселенген АЕК мөлшерінде материалдық көмек көрсетуге.

Орналасқан жері Ресей Федерациясының аумағындағы Компанияның филиалында есепте тұрған зейнеткер-теміржолшы қайтыс болған жағдайда оның отбасына немесе оны жерлеуді жүзеге асыратын адамға Қазақстан Республикасы бойынша белгіленген АЕК-ке баламада, рубльмен материалдық көмек көрсетуге;

3) Зейнеткерлерге Компанияның бөлінген бюджеті шеңберінде жиырма төрт айда бір рет тістерін протездеуге кеткен шығындарын өтеуге:

а) теміржол көлігінде 25 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар және теміржол көлігі ұйымынан жасы бойынша зейнеткерлікке шыққан;

б) жұмыс өтіліне қарамай, жалпы ауруы немесе жарақаттану оқиғалары бойынша бойынша мүгедектіктің тағайындалуына байланысты жұмыстан шыққан және Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде есепте тұрған зейнеткерлерге 10 (он) АЕК-тен артық емес мөлшерде материалдық көмек көрсетуге.

Орналасқан жері Ресей Федерациясының аумағындағы Компанияның филиалында есепте тұрған зейнеткер-теміржолшыларға материалдық көмек Қазақстан Республикасы бойынша белгіленген АЕК-ке баламада, рубльмен көрсетіледі.

Материалдық көмек тістерді протездеу жөніндегі қызметтердің көрсетілу фактісін растайтын құжаттар (шот-фактуралар, орындалған жұмыстар актісі, қазыналық чек) негізінде жүргізіледі.

Материалдық көмекті көрсету тәртібі Компанияның жергілікті актілерімен анықталады;

4) Көлік қызметкерлері күніне қарай:

а) темір жол көлігі ұйымдарындағы жұмыс өтілі кем дегенде 10 жыл және жасы бойынша зейнеткерлікке темір жол көлігі ұйымынан шыққан;

б) жалпы ауруы немесе жарақаттану оқиғалары бойынша бойынша мүгедектіктің тағайындалуына байланысты жұмыстан шыққан және Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде есепте тұрған зейнеткерлерге 2 АЕК мөлшерінде материалдық көмек көрсетуге.

Орналасқан жері Ресей Федерациясының аумағындағы Компанияның филиалында есепте тұрған зейнеткер-теміржолшыларға материалдық көмек Қазақстан Республикасы бойынша белгіленген АЕК-ке баламада, рубльмен көрсетіледі;

5) Көлік қызметкерлері күніне қарай Компания бюджетінде қарастырылған қаражат шектерінде жыл сайын Компания филиалдарында есепте тұрған зейнеткер-теміржолшыларға бару үшін 7 АЕК мөлшерінде қаражат бөлуге;

6) Айырықша маңызды оқиғалар туындауына байланысты материалдық көмек көрсетуге. Материалдық көмекті көрсету тәртібі мен шарттары Компанияның жергілікті актілерімен реттеледі;

7) Жеңіс күнін тойлау қарсаңында, Ұлы Отан соғысына, Қатынас жолдары халық комиссариаттарының арнайы құрылымдарына қатысушы болып табылатын зейнеткерлерге 30 АЕК мөлшерінде материалдық көмек көрсетуге;

Орналасқан жері Ресей Федерациясының аумағындағы Компанияның филиалында есепте тұрған зейнеткер-теміржолшыларға материалдық көмек Қазақстан Республикасы бойынша белгіленген АЕК-ке баламада, рубльмен көрсетіледі;

8) Компанияда есепте тұрған Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне бір ардагерге айына 50 кВт есебінен тұтынылған электр энергиясы мөлшерінде ай сайын материалдық көмек көрсетуге;

9) теміржол көлігімен жол жүруге арналған шығыстарын жылына бір реттен артық емес өтеуге:

а) зейнеткерлікке теміржол көлігі кәсіпорындарынан шыққан және олардағы жұмыс өтілі кем дегенде 10 жыл Компанияның зейнеткерлеріне («Құрметті теміржолшы» белгісімен марапатталғандарды қоспағанда) 10 АЕК-тен артық емес;

б) «Құрметті теміржолшы» белгісімен марапатталған Компания зейнеткерлеріне жолаушылар/жүрдек поездарының ұйықтайтын вагонында, «Бизнес» класты «Гальго» вагондарынан құрастырылған поездарда жол жүру құнынан артық емес өтеуге.

Зейнеткерлерге теміржол көлігімен баратын жеріне және кері қарай жол жүруді төлеуге арналған шығыстар өтеледі, бұл ретте жөнелту станциясынан кері бағытта жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатып алу мүмкіндігі болмаған жағдайда жол жүруді төлеу сол жолдағы Қазақстан Республикасының және және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің басқа станцияларда сатып алынған жол жүру құжатының (билеттің) негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Тікелей маршрут поездары болмаған жағдайда транзиттік жол жүруге және қажет бағыттағы поездарға бір бағытта (баратын жеріне және кері қарай) екі реттен артық емес ауысып мінуге рұқсат етіледі.

Теміржол көлігімен жол жүруді төлеуге арналған шығыстарды өтеу тәртібі Компанияның жергілікті актілерімен анықталады;

10) 1-топ мүгедегі болып табылмайтын зейнеткерлерге Жұмыс берушінің актілеріне сәйкес шарттарда жеңілдік жағдайларымен Қазақстанның сауықтыру орталықтарына санаторлық-курорттық сауықтыруға жолдамалар беруге;

11) 1- топ мүгедегі болып табылатын зейнеткерлерге бөлінген квота шектерінде санаторлық-курорттық сауықтыруға арналған жолдамаларды бөлу кезінде бірінші кезекті тәртіппен санаторлық-курорттық сауықтыруға арналған жолдамаларды беруге.

Санаторлық-курорттық сауықтыруға арналған жолдамалар 1-топтағы мүгедектің өтініші бойынша 24 айда 1 рет, мүгедектерді санаторлық-курорттық емдеуге медициналық қарсы көрсетілімдері болмаған кезде (осы шарттың 12-тармағының 14-тармақшасына сәйкес санаторлық-курорттық сауықтыруға арналған нақты шығыстарды Компания төлеген кезде) беріледі.

Уәкілетті мемлекеттік органның мүгедекке бөтен адамның күтімі қажеттілігі туралы қорытындысы бар болған кездесанаторлық-курорттық емдеуге арналға жолдаманы мүгедекке ілесіп жүретін тұлғаға беруге;

12) теміржол көлігіндегі еңбек өтілі кем дегенде 25 жыл зейнеткерлерге, сондай-ақ жұмыс өтіліне қарамай, өндірістік жарақаттану оқиғалары бойынша 1 және 2-топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты жұмыстан шыққан зейнеткерлерге, олар 70, 80, 90 және 100 жасқа толған кезде 7 АЕК мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек көрсетуге.

Орналасқан жері Ресей Федерациясының аумағындағы Компанияның филиалында есепте тұрған зейнеткер-теміржолшыларға материалдық көмек Қазақстан Республикасы бойынша белгіленген АЕК-ке баламада, рубльмен көрсетіледі.

Материалдық көмек оқиға датасындағы АЕК-тың белгіленген көрсеткіші мөлшерінде көрсетіледі;

13) «ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық аппаратының ардагерлер кеңесінің, Орталық, өңірлік және Нұр-Сұлтан станциясындағы тораптық ардагер-теміржолшылар кеңестерінің, магистральдық желі бөлімшелерінің, Илецк темір жол учаскесі ардагер-теміржолшылар кеңестерінің шығындарына ардагер-теміржолшылар кеңестерінің төрағаларына 8 (сегіз) АЕК мөлшерінде ай сайын материалдық көмек көрсетуге.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық аппаратының ардагерлер кеңесінің, Ардагер-теміржолшылар орталық кеңесінің төрағаларына 12 АЕК мөлшерінде, «ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық аппаратының ардагерлер кеңесі төрағасының, Ардагер-теміржолшылар орталық кеңесі төрағасының орынбасарларына 10 АЕК мөлшерінде, «ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық аппаратының ардагерлер кеңесінің Ардагер-теміржолшылар орталық кеңесінің хатшыларына 7 АЕК мөлшерінде ай сайын материалдық көмек көрсетуге.

Компанияның филиалдарында құрылған ардагер-теміржолшылардың өңірлік кеңестерінің, Нұр-Сұлтан станциясындағы тораптық ардагер-теміржолшылар кеңесінің, Орталық аппараттың ардагер-теміржолшылар кеңесінің (бұдан әрі - Кеңестер) төрағаларына 10 АЕК мөлшерінде, Кеңестер төрағаларының орынбасарларына 8 АЕК мөлшерінде, Кеңестер хатшыларына 5 АЕК мөлшерінде ай сайын материалдық көмек көрсетуге.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Орталық ардагерлер кеңесінің төрағасына «Құрметті теміржолшы» белгісімен наградталған 5 (бес) зейнеткерді бір жолғы

материалдық көтермелеуге бір адамға 60 000 теңге мөлшерінде, жыл сайын материалдық **көмек** көрсетуге;

14) филиалдардың басшылары мен кәсіподақ комитеттері ардагерлер кеңестеріне зейнеткерлерді жерлеуді ұйымдастыруға көмек көрсетуін және қажеттілігіне қарай зейнеткерлермен олардың әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешу жөніндегі жұмыс үшін автокөлік бөлуін қамтамасыз етуге;

15) жыл сайын, Отан қорғаушы күнін мерекелеуге орай Компанияда есепте тұрған Компанияның зейнеткерлері - Чернобыль АЭС-індегі апат салдарларын жоюға қатысушыларға және ҰОС қатысушыларына теңестірілген (әскери қызметін Ауғанстанда немесе оларда соғыс іс-қимылдары жүргізілген мемлекеттерде өткізген) зейнеткерлерге 15 АЕК мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек көрсетуге міндеттеме алады.

IX бөлім. Кәсіподақтың міндеттері

15. Кәсіподақ:

1) өз өкілеттігі шектерінде әлеуметтік-тұрмыстық қақтығыстардың алдын алу жөніндегі шараларды қабылдауға;

а) кәсіподақ мүшелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген ереуілдерді, бейбіт жиналыстарды, митингтерді, шерулерді, пикеттерді (ереуілдерді) және демонстрацияларды ұйымдастыру және жүргізу тәртібін сақтауды қамтамасыз етуге;

б) кәсіподақ мүшелерінің арасында олардың құқықтық сауатын арттыру бойынша, соның ішінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының негіздері бойынша, келіссөздер жүргізу дағдысын дамыту және еңбек дауларында консенсусқа қол жеткізу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізуге;

в) қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібін және еңбек тәртібін сақтау қағидасын, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларын сақтауға көмектесуге;

г) жарғыда белгіленген тәртіппен Кәсіподақ мүшелерін түскен және жұмсалған ақша туралы хабардар етуге;

д) Кәсіподақ мүшесі болып табылмайтын қызметкерлердің мүдделерін де кәсіподақ мүшелеріне арналған жағдайда білдіруге;

2) Кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен мүдделерін:

олардың өмір сүру деңгейін көтеру;

жұмыстан босату және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу;

жұмыс уақыты және демалыс уақыты режимін сақтау мәселелері бойынша қорғауға;

3) салауатты өмір салтын насихаттау жөнінде жұмыс жүргізуге, кадрлық құрылым қызметкерлерімен бірлесе отырып, Компания қызметкерлеріне жолдамалар бөлуге, балалардың демалуы мен сауығуын ұйымдастыруға қатысуға, бұл ретте әлеуметтік әділдік және Компанияның барлық өңірін біркелкі қамту қағидаттарының сақталуын бақылап отыруға;

4) өндірісте қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларының жасалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға, өндірістегі жазатайым оқиғаларды тексеруге, оларды болғызбау жөніндегі шараларды әзірлеуге қатысуға;

5) зардап шеккен қызметкерлерге және өндірісте қаза болғандардың отбасыларына ақысыз консультациялар мен Жұмыс берушінің қызметкердің мертігуіне немесе оның еңбек міндеттемелерін орындауына байланысты денсаулығының басқа зақымдалуымен келтірілген зиянды дер кезінде және толық өтеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бір жолғы жәрдемақы төлеу мәселелерін шешуде құқықтық көмек көрсетуге;

6) өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғауға, сондай-ақ берілген өкілеттіктер шегінде мемлекеттік органдарда, жұмыс берушіде, жеке кәсіпкерлік субъектілердің бірлестіктерінде (қауымдастықтарда, одақтарда), өзге қоғамдық ұйымдарда өзара қатынастарда қызметкерлердің өкілдері болуға.

Сотта, еңбек арбитражында, арбитражда, мемлекеттік органдарда, медиация жүргізу кезінде Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін сотқа талап арыздармен жүгіну, оларға өзге құқықтық көмек көрсетуге;

7) Кәсіподақ мүшелеріне ұйымдастырушылық, консультативтік, құқықтық және материалдық көмек көрсетуге;

8) мемлекеттік органдарға теміржолшыларды экономикалық және әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;

9) еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария мәселелері бойынша актілерді, еңбекті, қызметкерлердің өндірістік-тұрмыстық жағдайлары мен денсаулығын қорғау жөніндегі бағдарламаларды әзірлеуге және келісуге қатысуға;

10) осы Шарттың орындалуына бақылауды жүзеге асыру үшін Кәсіподақ мүшелерінің жұмыс орындарына баруға;

11) осы Шарттың талаптары орындалған кезде еңбек дауларының пайда болуына және жұмыстың тоқтатылуына жол бермеуге;

12) Компания қызметкерлерінің балаларына демалыс орындарына дейін және кері қайтқанда бірге еріп баруды ұйымдастыруға;

13) Жұмыс беруші және Кәсіподақ арасындағы жеке шартта белгіленген ережелерге сәйкес мәдени-көпшілік және дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын уақтылы және сапалы ұйымдастыруды қамтамасыз етуге;

14) Жұмыс беруші бөлген қаражат шектерінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ музейлерінің жұмысын қамтамасыз етуге;

15) Жұмыс берушінің өкілдерімен келісу бойынша, Жұмыс беруші бөлген қаражат шектерінде ішкі және сыртқы коммуникациялар құралдарын қолданумен «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерін және мүдделі үшінші тұлғаларды «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметі туралы хабардар ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға және жүргізуге міндеттеме алады.

X бөлім. Кәсіподақ қызметі үшін жағдайлар жасау және кепілдіктер

16. Жұмыс беруші:

1. Кәсіподақтың құқықтарын сақтауға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіподақ құрылымдарының қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті жағдай жасауға;

2. кәсіподақ органдарына олардың қызметі үшін қажетті жайлар мен байланыс құралдарын пайдалануға ақысыз беруге;

3. Кәсіподақ және оның филиалдары шақыратын кәсіподақ съездеріне, конференцияларына, кеңестеріне, семинарларына жіберілген және өндірістік жұмыстан босатылмаған делегаттарға, сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелеріне іссапармен байланысты шығыстарды өтеуді қамтамасыз етуге.

Қызметкерлердің шығыстарын өтеу «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерін іссапарға жіберу қағидасына сәйкес жүргізіледі;

4. Кәсіподақ мүшелерінің жазбаша келісімі бойынша олардың еңбекақысынан мүшелік жарналарды ұстауға және бухгалтерия арқылы Кәсіподақ ұйымдарының есеп шотына аударуға;

5. өндірістегі жазатайым оқиғаларды тексеруге және еңбекті қорғау жағдайына, оны жақсарту жөніндегі іс-шаралардың орындалуына тексеру жүргізуге қатысушы, негізгі жұмысынан босатылмаған Кәсіподақ өкіліне теміржолдық көлік шығыстарын өтеуге;

6. негізгі жұмысынан босатылмаған, сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелері болып табылатын қызметкерлерді:

Кәсіподақтың бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес олардың қоғамдық міндеттерін орындауы үшін (айына 8 сағатқа дейін);

Кәсіподақ және оның филиалдары шақыратын съездерге, конференцияларға, сондай-ақ олардың кеңестерінің, семинарларының жұмысына делегаттар ретінде қатысу үшін орташа еңбекақысын сақтап еңбек міндеттерін орындаудан босатуға;

7. осы Шартта көзделген Жұмыс берушінің міндеттерін орындауы туралы қажетті ақпаратты Кәсіподаққа беруге;

8. Кәсіподақ органдарына сайланбалы лауазымдарға сайланғандықтан өндірістік жұмыстан босатылған қызметкерлерге олардың сайланбалы өкілеттіктері аяқталғаннан кейін бұрынғы жұмысын (лауазымын), ал ол болмаған жағдайда – сол немесе қызметкердің келісімі бойынша Компанияның басқа құрылымдық бөлімшесінде соған тең жұмыс (лауазым) беруге;

9) осы кезеңге дейін Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде жұмыс істеген, теміржол көлігінде кем дегенде он жыл жұмыс өтілі бар Кәсіподақтың сайланбалы органдарынан зейнеткерлікке шыққан зейнеткерлердің Компанияның филиалдарында бекітілуін қамтамасыз етуге;

10. жыл сайын Кәсіподаққа Компания қызметкерлері үшін дене шынықтыру-сауықтыру жұмысына қаражат бөлуге;

11) жыл сайын Кәсіподаққа «ҚТЖ» ҰК» АҚ музейлерінің жұмысын ұйымдастыруға қаражат бөлуге;

12) жыл сайын Кәсіподаққа ішкі және сыртқы коммуникациялар құралдарын қолданумен «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерін және мүдделі үшінші тұлғаларды «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметі туралы хабардар ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға және жүргізуге қаражат бөлуге міндеттеме алады.

Аталған қаражат Кәсіподақ бекіткен және Жұмыс берушімен келісілген сметалар бойынша пайдаланылады.

XI бөлім. Тараптардың қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершілігі

17) Осы Шарт бойынша міндеттемелерінің бұзылуына немесе орындалмауына кінәлі лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартылады.

XII бөлім. Шарттың орындалуына бақылау жасау

18. Осы Шарттың орындалуына бақылау жасауды Жұмыс беруші және Кәсіподақ өкілдері жүзеге асырады.

19. Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде пайда болған дауларды реттеуді жергілікті жерлерде құрылған комиссиялар жүзеге асырады.

20. Жұмыс беруші және Кәсіподақ осы Шарттың орындалуы қорытындыларын жылына екі рет қарайды.

21. Шарт ережелерінің бұзылуы анықталған жағдайда, бұзушылықты анықтаған Тарап басқа Тарапқа жазбаша нысанда бұзушылықты жою туралы ұсыныс жолдайды. Тараптар 10 күндік мерзімнен кешіктірмей өзара консультациялар жүргізіп, Тараптар үшін орындауға міндетті болып табылатын жазбаша түрдегі шешім қабылдауға міндетті.

22. Шарттың мәтіні салалық газетте жарияланады және Компанияның корпоративтік сайтында орналастырылады.

**«Қазақстан темір жолы»
ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамының
Басқарма Төрағасы**

**«Қазақстандық салалық теміржол,
автомобиль, әуе және су көлігі
қызметкерлерінің кәсіби одағы»
қоғамдық бірлестігінің
төрағасы**

_____ **С.Мыңбаев**

_____ **О.Ахметбаев**

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2018-2020 жылдарға арналған ұжымдық шартқа 1-қосымша

Кәсіподақ мүшесі болып табылмайтын қызметкерлердің Ұжымдық шартқа қосылу ТӘРТІБІ

«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – кәсіподақ) кәсіптік одағының мүшесі болып табылмайтын, бірақ «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы ұжымдық шарттың әрекеті оған қатысты болуын қалайтын «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Компания) қызметкерінің Ұжымдық шартқа жазбаша өтініш негізінде қосылу құқығы болады.

Ұжымдық шартқа қосылуға ниет білдірген Компания қызметкері тиісті өтінішті (осы Тәртіптің қосымшасына сәйкес жазбаша түрде) Компанияның орталық аппаратының/филиалының кадрлық қызметіне Жұмыс беруші мен кәсіподақ комитетінің төрағасының атына жолдайды.

Өтініш Компанияның орталық аппаратының/филиалының кадрлық қызметінде тіркеледі, одан кейін өтініш Жұмыс берушінің және кәсіподақ комитетінің өкілдерінің қатысуымен бірлескен отырыста қаралады, бұл ретте өтініш қарау мерзімі өтініш тіркелген күннен бастап 1 (бір) айдан артық болмауы тиіс.

Қызметкерлер өкілдері қызметкердің Ұжымдық шартқа әрекетіне қосылуымен келіспейтін болса, Жұмыс беруші еңбек шартына қосымша жеңілдіктер мен өтемақыларды көздейтін толықтыруларды енгізе алады.

Кәсіподақ кәсіподақ мүшесі болып табылмайтын, Ұжымдық шартқа жазбаша өтініш негізінде қосылған Компания қызметкерлерінің тізімдерін жасайды және тиісті деректерді Компанияның орталық аппаратының/филиалының кадрлық қызметіне, сондай-ақ кәсіподақ филиалдарына береді.

Кәсіподақ мүшесі болып
табылмайтын қызметкерлердің
Ұжымдық шартқа қосылу тәртібіне
қосымша

ҮЛГІ

Филиал директорына

Кәсіподақ комитетінің
төрағасына

кімнен _____

Өтініш

Сізден «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған ұжымдық шарт әрекетінің маған кәсіподақ мүшелеріне сияқты шарттарда таратуды сұраймын.

Қолы күні ТАӘ

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған ұжымдық шартқа 2-қосымша

Өндірістік объектілерді еңбек жағдайы бойынша аттестациялау нәтижелері бойынша тарифтік мөлшерлемеге (жалақыға) қосымша ақылар мөлшерлері

1. Нақты еңбек жағдайына және жұмыстарды орындау ұзақтығына байланысты тарифтік мөлшерлемеге (жалақыға) қосымша ақы мөлшері еңбек жағдайы бойынша өндірістік объектілерді аттестациялау жүргізу жөніндегі аттестациялау комиссиясының қорытындысының негізінде өндірістік факторлардың зияндылық дәрежесі бойынша балдар жиынтығы бойынша белгіленеді:

0,1 балдан 1,0 балға дейін - 5 пайыз мөлшерінде;

1,1 балдан 2,0 балға дейін - 8 пайыз;

2,1 балдан 3,0 балға дейін - 10 пайыз;

3,1 балдан 4,0 балға дейін - 12,0 пайыз;

4,1 балдан 5,0 балға дейін - 14,0 пайыз;

5,1 балдан 6,0 балға дейін - 16,0 пайыз;

6,1 балдан 7,0 балға дейін - 18,0 пайыз;

7,1 балдан 8,0 балға дейін - 20,0 пайыз;

8,1 балдан 9,0 балға дейін - 22,0 пайыз;

9,1 балдан 10,0 балға дейін - 24,0 пайыз;

10 балдан асқанда - 25,0 пайыз.

2. Бригадирлерге, жұмысшылардың көмекшілеріне еңбек жағдайлары бірдей болғанда қосымша ақы осы кәсіптер жұмысшыларына белгіленгендей мөлшерде белгіленеді.

3. Еңбек жағдайын жақсарту бойынша жұмыс орындарын кейіннен оңтайландыру (зиянды өндірістік факторларды азайту) кезінде қосымша ақылар азайтылады немесе алынып тасталады.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған ұжымдық шартқа 3-қосымша

Жұмыс берушінің қызметкерлер өкілдерінің келісімі бойынша немесе олардың пікірлерін ескерумен актілерді қабылдау тәртібі

1. Жұмыс беруші қызметкерлер өкілдерінің келісімі бойынша немесе олардың пікірлерін ескерумен өз құзыреттілігі шегінде еңбек құқықтарының нормалары, соның ішінде ережелер қамтылатын:

- филиал қызметкерлерінің еңбекақысын төлеу туралы;
- жұмыс уақытының режимі туралы (нақты жұмыс режимдері құрылымдық бөлімшелердің ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді);
- еңбек нормасын қайта қарау туралы (өнімділік, уақыт, қызмет көрсету және саны);
- ауысым графиктері туралы;
- мерзімнен тыс жұмыстар сағаты туралы;
- демалыс және мереке күндеріндегі жұмыстар туралы;
- бос тұрулар туралы;
- еңбек жағдайының өзгерістері туралы;
- демалыс графиктері туралы;
- Еңбек кодексінде көзделген жағдайда еңбек шартын бұзу туралы;
- сабын беру нормалары туралы;
- қызметкерлерді моральдық және материалдық ынталандыру туралы;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы;
- Компания зейнеткерлерін есепке қою туралы актілерді қабылдайды.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды және үлгі нұсқаулықтарды өңдеу, әзірлеу, бекіту және қайта қарау уәкілетті орган белгілеген тәртіппен қызметкерлер өкілдерінің келісімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Жұмыс беруші қызметкерлер өкілдеріне Жұмыс беруші актісінің жобасын және сол бойынша негіздемесін ұсынады. Қызметкерлердің бірнеше өкілдері болған кезде Жұмыс берушінің актілері бойынша пікірлерді есепке алу үшін бірыңғай өкілдік орган құрылады, оның сандық құрамы оларға ұсынылатын қызметкерлердің санына пропорционал болады.

Жұмыс беруші актісінің жобасы жобаны ұсынғаннан кейін бес жұмыс күнінен артық емес мерзімде қызметкерлердің өкілдерімен талқыланады. Қызметкерлердің өкілдері шешімді Осы Кодексте белгіленген мерзімде бермеген жағдайда, Жұмыс беруші пікірлерді есепке алмай-ақ актіні қабылдауға құқылы.

Қызметкерлер өкілдерінің шешімдері хаттамамен ресімделеді, онда қызметкерлер өкілдерінің Жұмыс беруші актісінің жобасымен келіскені (келіспегені) көрсетіледі, болған кезде олардың ұсыныстары баяндалады.

Егер қызметкерлер өкілдерінің пікірлері Жұмыс беруші актісінің жобасымен келісілмеген немесе оның өзгерісі бойынша ұсыныстарды қамтыған жағдайда, жұмыс беруші:

1) келісілген кезде, қызметкерлер өкілдерінің ұсыныстарын ескере отырып, өзгертілген актіні шығарады;

2) келісілмеген кезде, қызметкерлер өкілдерімен қосымша консультациялар жүргізуге құқылы.

Оларды шығару үшін келісімдерге, ұжымдық шартқа сәйкес қызметкерлер өкілдерінің пікірлерін есепке алу қажет Жұмыс беруші актілерінің жобалары бойынша келісімге қол жеткізілмеген кезде пайда болған қайшылықтар хаттамамен ресімделеді, оған Жұмыс беруші және қызметкерлер өкілдерінің біреуі қол қояды, содан кейін Жұмыс беруші актіні қабылдауға құқылы.

Егер Жұмыс берушінің шығарған актісі Еңбек кодексінде, еңбек, ұжымдық шарттарда, келісімдерде көзделген қызметкерлердің құқықтары мен кепілдіктерін бұзатын немесе нашарлататын ережелерді қамтыған жағдайда, ол еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға немесе сотқа шағым түсіруі мүмкін.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған ұжымдық шартқа 4-қосымша

Экологиялық қасірет аймақтарында тұрғаны үшін еңбекақыға белгіленген үстеме ақы мен жеңілдіктер тізбесі

I. Семей ядролық полигон аудандары

Экологиялық қасіреттің әсеріне ұшыраған аумақтардың атаулары		Еңбекақыға әлеуметтік төлемдердің мөлшері	Жеңілдіктер мен өтемақылар
облыстардың, аудандардың атауы	теміржол желісі учаскелерінің атауы		
1	2	3	4
Максимум радиациялық қатер аймағы			
Шығыс Қазақстан облысы: Жаңасемей ауданы	№1 разъезд - Шөптіқақ станциясы, Жаңасемей станциясы (қоспағ.) - Дегелең (Конечная қоспағ.) станциясы	1,75 АЕК	12 күнтізбелік күн қосымша демалыс
Павлодар облысы: Май ауданы Май ауылдық округі (бұрынғы Ақжар ауылдық кеңесі)	Май разъезі (184 км разъезі)		
Жоғары радиациялық қатер аймағы			
Павлодар облысы: Май ауданы	Ақсу станциясы – Дегелең станциясы теміржол учаскесінде: Құркөл разъезі (29 км) – Май разъезі (184 км разъезі) қоспағанда	1,5 АЕК	10 күнтізбелік күн қосымша демалыс

Шығыс Қазақстан облысы: а) аудандар: Бородулиха, Шар, Жарма, Аягөз; Семей қаласы, Курчатов қаласы	552 км разъезі (қосқ.) – Жұзағаш станциясы, Семей станциясы және Жаңасемей станциясы	1,5 АЕК	10 күнтізбелік күн қосымша демалыс
1	2	3	4
б) аудандар: Шемонаиха, Глубокое, Ұлан; Өскемен қаласы, Риддер қаласы	Қазақстан разъезі – Огнёвка кенті (қосқ.), Защита – Лениногорск учаскесі		10 күнтізбелік күн қосымша демалыс
Төтенше радиациялық қатер аймағы			
Шығыс Қазақстан облысы: Бесқарағай ауданы	Шаған станциясы	2 АЕК	14 күнтізбелік күн қосымша демалыс
Минимум радиациялық қатер аймағы			
Шығыс Қазақстан облысы: Аудандар: Таскескен, Алтай, Серебрянск	Ақтоғай станциясы; Серебрянка станциясы – Зыряновск станциясы	1,25 АЕК	7 күнтізбелік күн қосымша демалыс
Қарағанды облысы: Қарқаралы ауданы	Көкпекті станциясы (қоспағ.) – Қарағайлы станциясы		
Жеңілдік берілетін әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақ			
Павлодар облысы: Баянауыл ауданы	Үшқұлын станциясы	1 АЕК	5 күнтізбелік күн қосымша демалыс

II. Арал өңіріндегі аудандар

Экологиялық апат аймағы			
Қызылорда облысы: аудандар: Арал, Қазалы	Құрлық станциясы (қосқ.) – Төретам станциясы (қоспағ.) Сексеуіл станциясы – 16 разъезд (қосқ.)	1,5 * коэффициент	12 күнтізбелік күн қосымша демалыс, сауықтыруға арналған лауазымдық жалақы немесе бір айлық тарифтік ставка мөлшерінде материалдық көмек
Ақтөбе облысы: Шалқар ауданы	№59 разъезд (Біршоғыр) – Шоқысу – 82 разъезд, Шалқар станциясы – Тассай станциясы (қосқ.)		

Экологиялық дағдарыс аймағы			
Қызылорда облысы	Төретам станциясы – Бесарық станциясы	1,3 * коэффициент	9 күнтізбелік күн қосымша демалыс, сауықтыруға арналған лауазымдық жалақы немесе бір айлық тарифтік ставка мөлшерінде материалдық көмек
Ақтөбе облысы: аудандар: Темір, Байғанин, Ырғыз, Мұғалжар	Темір (қоспағ.) – Сағыз (қоспағ.) Құдық станциясы – №59 разъезд (қоспағ.) Промежуточная ст. –16 разъезд (қоспағанда) Жарқұм разъезі (қоспағ.) Сағыр разъезі (қоспағанда)	1,2 * коэффициент	7 күнтізбелік күн қосымша демалыс, сауықтыруға арналған лауазымдық жалақы немесе бір айлық тарифтік ставка мөлшерінде материалдық көмек
Қарағанды облысы: Ұлытау ауданы	12 разъезд – Жезқазған станциясы (қоспағ.)		
Түркістан облысы: аудандар: Арыс (соның ішінде Арыс қаласы), Отырар, Созақ, Шардара; Түркістан қаласы; Кентау қаласының ауылдық округтері: Шаға, Жаңа Икан, Ескі Икан, Үшқайық, Иассы, Оранғай, Қарашық, Жүйнек, Бабайқорған, Шорнак, Жібек жолы, Майдантал	Монтайтас станциясы (қосқ.) - Бесарық (қоспағ.) станциясы		

Ескертулер:

1. Қосымша демалыс негізгі еңбек демалысымен бір мезгілде беріледі.
2. Қызметкер мен жұмыс берушінің келісімі бойынша қосымша демалыс негізгі еңбек демалысынан бөлек жұмыс жылының басқа уақытында берілуі мүмкін.
3. Еңбек демалысын берумен бір мезгілде жыл сайын қолданыстағы төлемдердің үстіне айлық тарифтік ставка немесе лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыруға арналған материалдық көмек көрсетіледі.
4. Арал өңіріндегі экологиялық қасірет аймағында тұрғаны үшін еңбекақыға коэффициенттер қызметкердің тарифтік ставкасына (лауазымдық ақысына) нақты жұмыс істеген уақыты үшін есептеледі. Төленетін үстеме ақылардың мөлшері: $(K-1) \times (T/N \times T_{\text{факт}})$ құрайды, ондағы:

K – экологиялық қасірет аймақтарында белгіленген коэффициент;

T (теңге) – қызметкердің айлық тарифтік ставкасының (лауазымдық еңбекақысының) мөлшері;

H (сағат) – аталған жылдағы жұмыс уақытының теңгеріміне сәйкес сағат нормасы;

Tфакт (сағат) – осы айдағы нақты жұмыс істеген сағат саны.

5. Қызметкермен еңбек шарты бұзылған кезде қосымша демалыстың пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы жұмыс істеген кезеңіне парапар өтеледі.

6. Қызметкерді қосымша демалыстан кері шақытуға жол берілмейді.

7. Экологиялық қасырет аумағында жеңілдік ретінде қарастырылған еңбекақыға үстеме ақылар мен қосымша ақысы төленетін демалыстар тек осы өңірлерде жұмыс істейтін және тұратын қызметкерлерге ғана белгіленеді.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған ұжымдық шартқа 5-қосымша

Жүру жолында орын ауыстырумен немесе жұмыстарды орындаумен байланысты, қызмет көрсететін учаскелер шегіндегі тұрақты орындалатын жұмыстың жүріп-тұру сипаты үшін үстемеақы төленетін кәсіптер мен лауазымдар тізбесі

Компания филиалдарының өңірлік және желілік деңгейдегі басшылары мен қызметкерлері, соның ішінде:

- а) барлық атаудағы ревизорлық аппараттың қызметкерлері;
- б) вагон-зертханалардың және арнайы тағайындалған вагондардың, қалпына келтіру, өрт, сумен жабдықтау, қызмет көрсету учаскесі (өңір) шекараларында қызметтік сапарға шығатын поезддардың қызметкерлері;
- в) қызметтік вагондар жолсеріктері, почталық экспедиторлар;
- г) жабдықтау жөніндегі агенттер, автомашиналардың жүргізушілері мен материалдық-техникалық жабдықтау және қызмет көрсетілетін өңір шекараларында жол жүргенде жүктерді экспедициялау мәселелерімен айналысатын басқа да қызметкерлер;
- д) станциялар бойынша запастағы кезекшілер, бағыттама қосынының кезекшілері, сигнал берушілер, поезд құрастырушылары, товарлық кассирлер, жүкті және багажды қабылдап-тапсырушылар, филиалдың шекараларында орналасқан станцияларға жол жүргенде жүк поезддарының кондукторлары;
- е) машиналандырылған жол дистанциялары, рельс-дәнекерлеу кәсіпорындарының, көпірлік отрядтың және мөлшерлегіш зарылдауық хоппер қызметкерлері, тікелей зерттеу жұмыстарымен, дефектограммаларды ашып жазумен, талдаумен, диагностикамен және жол күйін бақылаумен айналысатын қызметкерлер, механик-реттеушілер, вагон-зертханалардың қызметкерлері, ПРС, АЛСН және КТСМ параметрлерін (қызмет көрсету шекаралары Қазақстан Республикасының бүкіл теміржол желісі болып табылатын) өлшеу диагностикасымен тікелей айналысатын қызметкерлер;
- ж) Жезқазған-Бейнеу, Арқалық-Шұбаркөл теміржол учаскелеріне қызмет көрсетуге шығатын филиалдар қызметкерлері;
- з) Компания департаменттерінің өңірлік бөлімшелерінің қызметкерлері филиал шекараларының шектерінде.

Ескертулер:

1. Тұрақты жұмысы жолда өтетін немесе жүріп-тұратын сипатта болатын, олар қызмет көрсетін учаскелер шегінде қызметтік жол жүретін қызметкерлердің шығыстарын өтеу мақсатында е), ж) тармақшаларында аталған қызметкерлерді

қоспағанда, Қазақстан Республикасы бойынша белгіленген 1 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшерінде үстемеақы төленеді.

Компанияның Ресей Федерациясының аумағында орналасқан филиалдарында Қазақстан Республикасы бойынша белгіленген АЕК-ке баламада, рубльмен үстемеақы төленеді.

Осы қосымшаның е), ж) тармақтарында аталған қызметкерлерге Қазақстан Республикасы бойынша белгіленген 2 АЕК мөлшерінде үстемеақы төленеді.

2. Қызметтік сапарлар кезіндегі жұмыстар орындау орнына барумен және тұрғын жайды жалға алумен байланысты шығыстар ұсынылған төлем құжаттарына сәйкес Жұмыс берушінің іссапарлар туралы актісінде көзделген мөлшерлер шектерінде өтеледі.

3. Жылжымалы құрамды жөндеуге тапсыру және жөндеуден қабылдап алу үшін жөндеу пунктінде тұрған уақыты үшін және Қазақстан Республикасының аумағында жолаушы болып жүргенде қызметтік іссапарларға көзделген тәуліктік шығындар толық мөлшерде төленеді, ал Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы республикаларының аумағында осындай шығыстар шетелге уақытша іссапарларға шығатын қызметкерлер үшін белгіленген нормалар бойынша өтеледі.

4. Егер қызметкерлердің жұмыс орнына және кері қайтуға жұмыс уақытында емес жол жүруінің ұзақтығы бір күнде 3 сағаттан артық болса, үстемеақыны төлеу 0,1 айлық есептік көрсеткіш, ал екі сағаттан артық болса АЕК-тің 0,075 мөлшерінде жүргізіледі.

5. Қызметкерлердің шыққан сәттен бастап тұрақты жұмыс орнына (тұратын жеріне) қайтқанға дейінгі жол ұзақтығы 12 сағаттан артық, бірақ толық тәуліктен аз болатын немесе екі күнтізбелік күні 12 сағаттан артық қызметтік сапарда болған уақыты бір тәулік ретінде есептеледі.

6. ФРУ № 12-нысанды жүріп-тұруларды есепке алу тізімдемесі, маршруттық қағаз немесе іссапар куәлігі, сондай-ақ жүріп-тұруларды есепке алу кітаптары үстеме ақы төлеу үшін негізгі құжаттар болып табылады.

7. Жүріп-тұру сипатындағы жұмыс үшін үстемеақылар уақытша жұмысқа жарамсыз күндері үшін тұрақты тұратын жерінен тыс жерде төленеді.

8. Сыртқы сауда жүктерін және жылжымалы құрамды берумен айналысатын шекаралық станциялардың ауысымдық қызметкерлеріне, сондай-ақ шетелде орналасқан қызмет көрсететін учаскелер шегіндегі жұмыс орындарын автоматтандыруда қызмет көрсетумен айналысатын ақпараттық жүйелерінің желілік бөлімшелерінің қызметкерлеріне жүріп-тұру сипатындағы жұмысы үшін үстемеақы шетелдік валютамен, төмендегі мөлшерлерде төленеді:

1) шетелдік теміржолдың іргелес шекаралық станциясында болған әр тәулік үшін – 60 пайыз, 4 сағаттан артық, бірақ бір тәуліктен кем болғанда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шетелге уақытша іссапарларға баратын қызметкерлерге белгілеген тәуліктік шығындар нормасынан 15 пайыз;

2) 4 сағаттан кем болғанда үстемеақы төленбейді.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған ұжымдық шартқа
6-қосымша

Еңбек демалыстарының ұзақтығы

Р/б №	Лауазымдардың атауы	Демалыстың күнтізбелік күндерінің саны
1	2	3
	Компанияның орталық аппараты	
1	Басшылық	30
2	Барлық атаудағы басшылар мен мамандар	30
	Компанияның филиалдары	
3	Басқару аппаратының басшылары мен мамандары	28
4	Филиалдардың – орталық зертханалардың, цехтардың, өндірістік учаскелердің, зертханалардың, орталықтардың, бөлімдердің, секторлардың басшылары мен мамандары, кешенді-жол машиналарының бастығы	28
5	Орталық зертханалардың басшылары мен мамандары	28
6	Аға диспетчерлер, диспетчерлер	28
7	Ауысымдық кезекшілік етпейтін операторлар	24
8	Бригадир, комендант, қойма, мұрағат, бюро меңгерушілері	24
9	Жол бөлімшесі бойынша аға диспетчерлер, диспетчерлер, кезекшілер	28
10	Жол бөлімшелерінің ревизорлары, (аға) нұсқаушылар, инспекторлар және ревизорлар (барлық атаулардағы); локомотивтерді, вагондарды, жол жөндеу сапасы жөніндегі қабылдаушылар	28
11	Заң кеңесшілері, аудармашылар	24, 28*
12	Барлық мамандықтардың техниктері, ауысымдық кезекшілік етпейтін операторлар	24
13	Басшылар: қалпына келтіру поезының, қайта тиеу базасының; материалдық-техникалық жабдықтау базаларының	28
14	Басшылар: түйіспе желісі, электрмен жабдықтау аудандарының; тартымдық қосалқы станциясының, электрмен жабдықтау дистанцияларының жөндеу-ревизиялау учаскесінің, механикаландырылған (автоматтандырылған) сұрыптау дөңестерінің, электр техникалық зертхананың	28

1	2	3
15	Басшылар: тиеу-түсіру жұмыстары өндірістік учаскесінің, рельс-ажарлау поезының, рефрижераторлық поездың (секцияның), отын-есеп айырысу кеңсесінің, қалалық тауар станциясының, зерттеу, сынақ станцияларының (барлық атаулардағы), жол машина станцияларының бастықтары	28
16	Басшылар: жуу-булау станцияларының (пункттерінің), дистанциялық шеберханалардың, карьердің (дербес теңгеріміндегі емес), материалдық-техникалық жабдықтау базаларының, рефрижераторлық поездар (секциялар) бригадалары резервінің, отын базасының, мұнай өнімдері базасының, паравоздарды жылы жуу пунктінің, жылдам бұзылатын жүктер мен құстар тасымалдарына қызмет көрсету пунктінің, орман тұқымбағының, тораптық есептеу тобының	28
17	Басшылар: пакгауздың, сұрыптау платформасының, контейнерлік алаңның, бланктер қоймасының	28
18	Арнайы әскерилендірілген күзет қызметі отрядының бастығы	28
19	Өртке қарсы отряд бастығы	28
20	Өрт сөндіру поезының бастығы	24,28
21	Бөлімше (қарауыл) бастығы	24
22	Шебер (аға), жол шебері (аға), көпір және тоннель шебері, өндірістік оқыту шебері, прораб; жолаушылар поезының бастығы, механик-бригадирі, машинист-нұсқаушы	28
23	Сигнализация және байланыс дистанцияларының, электрмен жабдықтау учаскелерінің ауысымдық кезекшілік етпейтін электр механигі (аға), электр монтері	24, 28*
24	Босатылған бригадир	24
25	Арнайы әскерилендірілген күзет қызметі мен өртке қарсықызмет отрядтарындағы барлық атаулардағы (аға) нұсқаушы, инспектор	24, 28*
26	Энергия диспетчері (аға)	24, 28*
27	Диспетчер: электрлендірілген электрмен жабдықтау дистанциясының, жол дистанциясының, сигнализация және байланыс дистанциясының, пайдалану вагон депосының	24
28	Өрт байланысы орталық пунктінің диспетчері	24
29	Өртке қарсы отряд диспетчері	24
30	Өрт жеңдерін жөндеу және өрт техникасына қызмет көрсету жөніндегі шебер	24
31	Газтүтіннен қорғау қызметінің (ГТҚК) шебері	24
32	Өрт автомобилінің жүргізушісі	24
33	Өрт сөндіруші (аға)	24
34	Кезекшілер: станция, маневрлік дөңес, орталықтандырылған қосындар бойынша (кластан тыс станцияларда, 1-класты станцияларда), маневрлік диспетчер	24, 28*

1	2	3
35	Басшылар (меңгерушілер): бюроның, топтардың, кассалардың; қоймалардың, вокзалдар бастықтарының кезекші көмекшілері;	24, 28*
36	Бас кітапхана-ақпараттық орталығының директоры, бөлім, сектор меңгерушісі	28
37	Тасымалдау құжаттарын өңдеу жөніндегі оператор, оператор (техникалық кеңселердің, станциялардың және басқа)	24, 28*
38	Меңгерушілер: өңірлік ақпараттық-техникалық кітапхана-ғылыми-техникалық ақпарат кабинетінің, қол багажын сақтау камерасының, демалыс бөлмелерінің, мұрағаттың, шаруашылықтың, қойманың, агенттіктің, бюроның, почта экспедициясының; библиограф, кітапханашы (бас)	24, 28*
39	Комендант, экспедитор, барлық мамандық техниктері	24
40	Қызметтік жеңіл машина жүргізуші	28
41	Хатшы-референт	28
42	Хатшы	24
43	Жұмысшылар	24
44	Вагон депосының операторы	24
45	Вокзал кешенінің кезекшісі	24
Компанияның өкілдіктері		
46	Барлық атаудағы лауазымдар	30

Басшылар кәсіподақ комитеттерімен келісу бойынша еңбек шарттарын жасасқан кезде, жұмыс учаскесінің жұмыс жүктемелігіне қарай мамандар мен қызметшілерге еңбек демалысының ұзақтығын дербес 24 немесе 28 күнтізбелік күн мөлшерінде белгілейді.

Орналасқан жері Ресей Федерациясының аумағындағы филиалдардың қызметкерлеріне еңбек демалысының ұзақтығы басшыларына күнтізбелік 3 қосымша демалыс күн бере отырып, 28 күнтізбелік күн болып белгіленеді. Бұл ретте жұмыс өтілі үшін қосымша демалыс берілмейді.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған ұжымдық шартқа 7-қосымша

Жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына құқық беретін еңбек жағдайлары ауыр, зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардағы кәсіптер мен лауазымдардың тізбесі

Р/б №	Кәсіптер мен лауазымдардың атауы	Ақы төленетін қосымша еңбек демалысының күнтізбелік күндердегі ұзақтығы
1	2	3
1.	Келесі аккумуляторларды жөндеумен және зарядтаумен айналысатын аккумуляторшы: қышқылды (қорғасын); сілтілі	12 6
2.	Суды химиялық тазарту аппаратшысы	6
3.	Майдан айыру аппаратшысы	12
4.	Электрмен қыздыру кезінде құрсауларды салумен, алумен айналысатын құрсаушы	6
5.	Автомобильдің, соның ішінде арнайы (өрт сөндіру машинасынан басқа) жүргізушісі, жүк көтергіштігі: 1,5-нан 3 т-ға дейін; 3 т және одан жоғары	6 12
6.	Газбен дәнекерлеуші, электрмен дәнекерлеуші және газбен кесуші: үй-жайлардағы жұмыста; сыртқы жұмыстарда жұмыс істейтін	12 6
7.	Жұмыс күнінің ұзақтығы 6 сағат болғанда жабық ыдыстарда (қазандарда, резервуарларда, бактарда, бөліктерде) жұмыспен айналысатын газбен дәнекерлеуші	12
8.	Гальваншы: цианидті ванналар мен оксидтаумен айналысатын; қалған ванналарда жұмыс істейтін	12 6
9.	Үтіктеуші	6
10.	Көмірді (тақтатасты), брикеттерді, сондай-ақ ағаш материалдарын тиеумен, түсірумен айналысатын жүк түсіруші; сусымалы материалдарды қолмен тиеумен, түсірумен айналысатын жүк түсіруші	6 6

11.	Алып жүретін ақауапқылармен үнемі жұмыс істейтін ультрадыбыстық бақылау жөніндегі ақауабушы	6
12.	Жұмыстың ыстық учаскелерінде тұрақты жұмыс істейтін қаңылтыршы	6
13.	Қорғасын-қалайы қорытпаларын құюшы	12
14.	Өрт сөндіргіштерді жуумен, жөндеумен және зарядтаумен айналысатын зарядтаушы	6
15.	Дизельдерді сынаумен тікелей айналысатын қозғалтқыш сынаушысы: үй-жайлардағы сынау стендтерінде; тепловоздарды реостаттық сынаумен айналысатын	12 6
16.	Ыстық қазандарды жөндеумен тұрақты айналысатын қазаншы	12
17.	Балғалар мен престермен жұмыс істейтін ұста	12
18.	Қолмен соғатын ұста (балғашы)	12
19.	Химиялық талдау зертханашысы	12
20.	Қысыммен істейтін құю машиналарындағы металдар мен қорытпаларды құюшы	12
21.	Локомотивтердің машинистері және олардың көмекшілері	12
22.	Мыналарға қызмет көрсетумен айналысатын іштен жану қозғалтқыштарының машинисі: газ қозғалтқыштарының; дизельдік және локомобильдік электр станцияларының	6 6
23.	Компрессорлық құрылғылардың машинисі	6
24.	Қатты отынмен жұмыс істейтін бу және су жылыту қазандарына қызмет көрсетумен айналысатын қазандықтың машинисі (от жағушысы): қолмен түсірген кезде; механикаландырылған тиеу кезінде	12 6
25.	Сұйық отынмен және газбен жұмыс істейтін қазандықтың машинисі (от жағушысы)	6
26.	Автомобильдердің шассиіне орнатылған машиналарда жұмыс істейтін автомобиль крандарының машинисі, жүк көтерімділігі: 3 тоннадан бастап және одан жоғары; 3 тоннаға дейін	12 6
27.	Іштен жану қозғалтқыштары, дизельдері мен электр қозғалтқыштары бар теміржолдық, шынжыр табанды және пневмодоңғалақты жүрістегі крандарға қызмет көрсетумен айналысатын кран машинисі (краншы)	6
28.	Барлық атаулардағы ауыр үлгідегі машиналардың машинисі	6
29.	Ыстық металды өңдеумен айналысатын балғалардағы, престердегі және манипуляторлардағы машинист	12

30.	3 метр және 3 метрден артық тереңдіктегі су құбырлық және канализациялық сорғы станцияларына қызмет көрсетумен айналысатын сорғы қондырғыларының машинисі	6
31.	Рефрижераторлық поездар мен вагондардағы тоңазыту қондырғыларының машинисі, механигі	6
32.	Экскаваторларға қызмет көрсетумен айналысатын экскаватор машинисі: электр қозғалтқышпен жұмыс істейтін; іштен жану қозғалтқышымен жұмыс істейтін	6 12
33.	Жылжымалы электр станцияларының машинисі	6
34.	Нысандарды жасаумен айналысатын мыстаушы	12
35.	Жабық жайларда тетіктерді бензинде, сілтілік, қышқылдық ерітінділерде жуумен тұрақты айналысатын жуушы	6
36.	Асыранды құс, мал өнімі шикізаты, шаң шығаратын жүктер, улы химикаттар мен минералдық тыңайтқыштар тасымалданған жылжымалы құрамды тазартумен және жуумен тұрақты айналысатын жуушы-тазартушы	6
37.	Нитробояулармен жұмыс істеумен тұрақты айналысатын сырлаушы: жайларда камерасыз бояу кезінде пульверизатормен жаққышпен	12
38.	Өздігінен жүретін бұрғылау-кран машиналарының машинисі	6
39.	Құм әперуші қондырғының машинисі	6
40.	Қолмен істейтін пневматикалық және электрлі соққы құрал-сайманымен жүргізілетін жол жұмыстарымен тұрақты айналысатын жол монтері	6
41.	Мұнай мен мұнай өнімдері бар резервуарлық парктерге, сондай-ақ мұнай мен мұнай өнімдерін құятын және ағызатын эстакадаларға қызмет көрсеткен кездегі тауарлық оператор	6
42.	Вагондарды тексеруші, вагондарды тексеруші-жөндеуші	6
43.	Мұнай өнімдері құйылатын вагон-цистерналарды тексерумен, қабылдаумен және тапсырумен айналысатын темір жол цистерналарын, сыйымдылықтарын тексеруші	6
44.	Паровоздар қазандарын жуушы	6
45.	Электрографиялық, репродуктивтік аппараттарда тікелей жұмыс істейтін көшіргіш көбейту машиналарының операторы	6
46.	Ақпаратты өңдеу жөніндегі оператор	6
47.	Поезд диспетчері	6
48.	Плита жанында тұрақты жұмыс істейтін аспаз	6
49.	Құрамында мұнай газы бар күкіртті мұнай мен оны өңдеу өнімдерін эстакадаларда құю және ағызу жөніндегі жұмыспен	

	айналысатын жүк пен багажды қабылдаушы-тапсырушы және вагондарды пломбылаушы	12
50.	Ыстық тәсілмен жүргізілетін жұмыстармен айналысатын пластмасса бұйымдарын престоуші	12
51.	Электр машиналары мен аспаптарының статорлеріне, роторларына, орауыштарына, секцияларына, автосымдары мен орамаларына арнайы улы лактар сіңіру жөніндегі жұмыстармен айналысатын электр техникалық бұйымдарды сіңдіруші	6
52.	Сынама алушы	12
53.	Мұнай өнімдері мен химиялық өнімдер құйылатын цистерналарды өңдеумен айналысатын цистерналарды жуушы-булаушы	12
54.	Өнеркәсіптік канализация желісіне қызмет көрсетумен, тазартумен және жөндеумен айналысатын жұмысшылар	12
55.	Көркейту жөніндегі (нәжістерді қолмен тазалау жөніндегі жұмыстардағы) жұмысшы	12
56.	Ауа таратқыштардың тетіктерін бензинді, керосинді және ГОИ пастасын қолдану арқылы тетіктерді сұртумен тікелей айналысатын вагон депосы автобақылау пунктiнiң қызметкері	6
57.	Вагондарда, қоймаларда астық, ұн, жарма, кебек және қалдықтар тиеумен және түсірумен тұрақты айналысатын жұмысшы	12
58.	Графит бұйымдарын (тетіктерді) өңдеумен айналысатын жұмысшы	12
59.	Кір төсек жабдықтарының өндірістік партияларын жинақтаумен айналысатын қызметкер	6
60.	Резеңке бұйымдарды кесуші	12
61.	Миканиттен жасалған оқшаулауы бар коллекторларды жолақтаумен айналысатын жұмысшы	6
62.	Капроннан жасалған бұйымдарды (тетіктерді) құюмен тұрақты айналысатын жұмысшы	12
63.	Вагондардың қозғалыс жылдамдығын реттеуші	6
64.	Қорғасын мен қорғасын қорытпаларын механикалық және қолмен өңдеумен айналысатын жұмысшы (станокшы) (жұмыс күні 6 сағаттық болғанда	12
65.	Құрғақ әдіспен қатты қажак шарықтастармен, жұмсақ шарықтастармен және қажак ұнтақтар жағылған төсемдермен (дәндермен) өңдеу, сыдыру, тегістеу, қайрау және егеу жұмыстарымен тұрақты айналысатын жұмысшы. Дәл сол жұмысшылар толық емес жұмыс күні, бірақ жұмыс уақытының 50 пайызынан кем болмайтын уақыт жұмыс істегенде	12 6
66.	Үнемі электр жылжымалы құрам мен электр берілісі бар тепловоздар науаларының астын тазалап үрлеумен	

	айналысатын жылжымалы құрамды жөндеу жөніндегі слесарь	6
67.	Майдан айырғыш жабдықты жөндеумен және қызмет көрсетумен айналысатын жөндеуші слесарь	6
68.	Дизель қозғалтқыштарының отын аппаратурасын жөндеумен айналысатын отын аппаратурасы жөніндегі слесарь	6
69.	Ағызу аспаптары мен мұнай өнімдері құйылатын цистерналарды бөлшектеумен, жөндеумен, жинақтаумен, тексерумен және май құюмен тұрақты айналысатын жылжымалы құрамды жөндеу жөніндегі слесарь	12
70.	Өнеркәсіптік желдетуді және жылу беруді жөндеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі слесарь	6
71.	Вагондарға қызмет көрсету және вагондарды тасымалдауға дайындау пункттеріндегі жылжымалы құрамды жөндеу жөніндегі слесарь	6
72.	Этилденген бензинмен жұмыс істейтін қозғалтқыштар мен отын аппаратурасын жөндеумен айналысатын автомобильдерді жөндеу жөніндегі слесарь	12
73.	Мына жұмыстармен айналысатын жөндеуші слесарь: ыстық қазандарды жөндеумен; бу күші шаруашылығындағы басқа жұмыстармен	12 6
74.	Қоғамдық дәретханаларда канализацияны тазарту және жөндеу жөніндегі жұмыстармен айналысатын слесарь-сантехник	6
75.	Тұтас металдан жасалған вагондардың сүзгілерін регенерациялаумен тұрақты айналысатын жылжымалы құрамды жөндеу жөніндегі слесарь	6
76.	Кір жуу жабдығын жөндеуші слесарь	6
77.	Ағызушы-құюшы: қышқылдармен және мұнай өнімдерімен жұмыс істейтін; майлағыш материалдармен	12 6
78.	Поездар құрастырушы және поездар құрастырушының көмекшісі	6
79.	Кір жуушы: қолмен жуатын және арнайы киімді жуатын; басқа жұмыстармен айналысатын	12 6
80.	Такелажшы	6
81.	ТВЧ қондығыларындағы термист, пештердегі термист	6
82.	Телеграфшы	12
83.	Дәрігер-физиотерапевт	12
84.	Сырттағы (қоғамдық) дәретханаларды тазалаумен айналысатын қызметтік жайларды тазалаушы	6
85.	Гальваникалық бөлімшені, сондай-ақ бұйымдарды қорғасын қорытпаларымен балқытып жабыстыру және түзету учаскелерінде тұрақты жұмыс істейтін өндірістік жайларды тазалаушы	6
86.	Бұйымдарды егеумен айналысатын егеуші:	

	кұрғақ әдіспен қажакты шарықтаспен немесе хром пастасын қолдану арқылы; керосинді, бензинді, карборунд пастасын, зімпара қағазды, майды және вена әгін қолдану арқылы	12 6
87.	Электр күші шаруашылығын жөндеу жөніндегі электр монтері	6
88.	Электр жабдығын жөндеу жөніндегі электр монтері	6
89.	Биіктіктегі жұмыстармен айналысатын әуелік электр берілісі желілерін жөндеу жөніндегі электр монтері	6
90.	Кернеулігі 110 кВ және одан жоғары электр желілерінде жұмыс істейтін электр желілеріндегі сынаулар мен өлшемдер жөніндегі электр монтері	6
91.	Қосалқы станцияға қызмет көрсету жөніндегі электр монтері, кернеулігі 110 кВ және одан жоғары электр желілерінде жұмыс істейтін электр қосалқы станцияларының жабдығына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі электр монтері	6
92.	Жанажамбыл фосфор зауытының аумағында жұмыс істейтін Аса станциясының қызметкерлері, тауар кассирлері – 4 адам, жүк пен багажды қабылдап-тапсырушылар – 5 адам.	6
93.	Өрт сөндіру машиналарын жүргізумен және оларға қызмет көрсетумен айналысатын өрт сөндіру автомобилінің жүргізушісі, жүк көтергіштігі: 5 тоннаға дейін; 5 тоннадан жоғары	6 12
94.	Ақауапқыш арбашаның операторы	6
95.	Токарь	6

Ескертулер:

1. Компания филиалдарының басшылары кәсіподақ комитеттерімен келісу арқылы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 бұйрығымен бекітілген Ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесіне, жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізіміне, сондай-ақ оларды беру қағидаларына сәйкес осы Тізбені толықтыра алады.

2. Кәсіптері осы қосымшада қарастырылған цех, учаске басшыларына, бригадирлерге, көмекшілерге ұзақтығы тиісті кәсіптер жұмысшыларына берілетін қосымша демалыс ұзақтығындай қосымша демалыс беріледі.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған ұжымдық шартқа 8-қосымша

Кәсіптік одақтың сайланбалы органының уәждемелік пікір беру тәртібі

Жұмыс беруші бастауыш кәсіптік одақтың сайланбалы органына Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында көзделген негіздемелер бойынша кәсіподақ мүшесімен еңбек шартын бұзу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 58-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес еңбек шартын тоқтату оқиғасы бойынша уәждемелік пікір беру туралы қажет құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтініш береді.

Бастауыш кәсіптік одақтың сайланбалы органы өтінішті тіркейді, отырыс күнін белгілейді. Өтініш жеті жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

Бастауыш кәсіптік одақтың сайланбалы органының отырысы, егер оған оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысатын болса, заңды деп саналады.

Өтініш Жұмыс беруші өкілінің және өзіне қатысты материалдар берілген қызметкердің – кәсіподақ мүшесінің қатысуымен қаралады.

Қызметкер бастауыш кәсіптік одақтың сайланбалы органының отырысына дәлелді себептерсіз келмеген жағдайда қызметкердің қатысуынсыз мәселе қаралмайды.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданады.

Бастауыш кәсіптік одақтың сайланбалы органының қаулысына қатысып отырған мүшелер қол қояды.

Хаттамадан алынған үзінді көшірмеге бастауыш кәсіптік одақтың сайланбалы органының төрағасы қол қояды және шешім қабылданған күннен бастап үш күн ішінде Жұмыс берушінің өкіліне ұсыну үшін қызметкерге беріледі.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2018-2020 жылдарға арналған ұжымдық шартқа 9-қосымша

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еншілес қоғамдарында (Серіктестіктерінде) жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісу комиссиясы туралы ереже

1. Жалпы ережелер

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясында жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісу комиссиясы (бұдан әрі - Келісу комиссиясы) қызметкер (қызметкерлер) мен жұмыс беруші (жұмыс берушілер) арасында пайда болатын жеке еңбек дауларын олар өздерінің сот органдарына жүгіну құқығын іске асырғанға дейін қарау және шешу мақсатында құрылады.

Жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісу комиссиясы 3 жылға дейінгі мерзімге құрылады. Осы мерзім ішінде тараптар комиссия құрамын қалыптастыру үшін белгіленген тәртіппен өздерінің өкілдерін ауыстыра алады, барлық өкілдердің өкілдіктері бір мезгілде, оған комиссия құрылған мерзімнің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

Келісу комиссиясын ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз етуді (жабдықталған жайларды, ұйымдастыру техникасын, қажетті әдебиеттерді ұсыну, іс жүргізуді ұйымдастыру, қызметкерлердің өтініштері мен істерін есепке алу және сақтау, шешімдердің көшірмелерін дайындау және беру және т.б.) Жұмыс беруші жүзеге асырады.

2. Келісу комиссиясын ұйымдастыру

2.1. Келісу комиссиясы Компанияда, оның еншілес қоғамдарында (Серіктестіктерінде) және өкілдіктерінде, сондай-ақ өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінде жұмыс берушінің және қызметкерлердің өкілдерінің бірдей санынан тепе-теңдік негізінде құрылатын, тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады.

2.2. Келісу комиссиясына Жұмыс берушінің өкілдері бұйрықпен, үш адам санында тағайындалады, өзгерістер қажеттілігіне қарай енгізіледі.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының орталық аппараты Келісу комиссиясының құрамына қызметкерлердің өкілдерін «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» ҚБ Орталық кеңесі үш адам санында ұсынады.

2.3. Келісу комиссиясына құрылымдық бөлімшелерден қызметкерлердің өкілдері үш адам санында кәсіподақ жиналысында (конференцияда) сайланады, қажеттілік

жағдайында оларды алмастыру (ауыстыру) кәсіподақ комитетінің отырысында (кеңейтілген) жүргізілуі мүмкін.

2.4. Келісу комиссиясының мүшелері біріншіұйымдастырушылық отырыста өз құрамынан төрағаны, төрағаның орынбасарын сайлайды.

2.5. Келісу комиссиясын осы Ережеге сәйкес келісу комиссиясының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын төраға басқарады, Келісу комиссиясының төрағасы болмағанда комиссия қызметін Келісу комиссиясы төрағасының орынбасары басқарады.

2.6. Келісу комиссиясының хатшысы Келісу комиссиясының құрамына кірмейді, осы ұйым қызметкерлерінің арасынан тағайындалады және оның отырыстарына дауыс беру құқығынсыз қатысады.

2.7. Келісу комиссиясының отырысы, егер оған тараптардың өкілдерінен тең пайыздық қатынаста оның мүшелерінің жартысынан көбісі қатысса, заңды болып саналады.

2.8. Келісу комиссиясының мүшелері:

- 1) жеке еңбек дауы тараптарынан пайда болған пікір алшақтықтарының мәні бойынша қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратуға және алуға;
- 2) жеке еңбек дауын шешудің өзіндік мүмкін нұсқаларын ұсынуға;
- 3) тараптар қабылдаған шешімдерге оларды қатысуы кезінде қолдарын қоюға құқылы.

2.9. Жеке еңбек дауын қарау кезінде Келісу комиссиясының мүшелері жеке еңбек дауын объективті шешу үшін қажетті материалдар мен құжаттарды зерттейді.

2.10. Келісу комиссиясының осы Ережемен оның функцияларына жатқызылған мәселелер бойынша шешімдері Келісу комиссиясының отырыстарында қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады және хаттамамен ресімделеді.

Жеке еңбек даулары мәселелері бойынша Келісу комиссиясы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, бұл мәселелер реттелмеген болып табылады және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес соттарда қаралады.

Хаттамаға Келісу комиссиясының төрағасы (Келісу комиссиясының төрағасы болмаған жағдайда Келісу комиссиясының орынбасары) және хатшысы қол қояды.

Келісу комиссиясының мүшелері отырыс хітпмпсын келіседі.

2.11. Келісу комиссиясы мүшесінің айрықша пікірі болған жағдайда хаттамаға Келісу комиссиясы мүшесінің айрықша пікірі қоса тіркеледі.

3. Келісу комиссиясының құзыреті

3.1. Келісу комиссиясы ұйымда қызметкерлер мен жұмыс беруші арасында пайда болатын жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі міндетті сотқа дейінгі орган болып табылады. Келісу комиссиясы пайда болатын жеке еңбек дауларының барлығын да қарауға құқылы.

3.2. Келісу комиссиясы еңбек заңнамасын, ұжымдық шартты, келісімдерді және өзге жергілікті құқықтық актілерді, еңбек шарттарын қолданумен байланысты қызметкерлердің барлық жеке еңбек дауларын қарайды.

3.4. Келісу комиссиясы өтініштерді қарау кезінде өтініш берушілердің Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 160-бабының талаптарын сақтауын тексереді.

3.5. Жеке еңбек дауының тарабы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 160-бабымен қарастырылған келісу комиссиясына жүгіну мерзімін өткізіп алған

жағдайда, оның өтінішін Келісу комиссиясы келешекте осы шешіммен келіспеген тарапқа өзінің сотқа талап арызбен жүгіну құқығын іске асыруға рұқсат береді деген шешім шығарумен, қаралуы тиіс.

Сонымен қатар, бұл мезгілді өткізіп алу келісу комиссиясының дау жағдайлары бойынша тексеру жасамастан өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығаруы үшін дербес негіз бола алады.

3.6. Жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі өтініштің өту мерзімі қарастырылатын еңбек дауы бойынша медиация туралы шарттың қолданысы кезеңінде, сондай-ақ келісу комиссиясы болмаған жағдайда ол құрылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

3.7. Белгіленген мерзімді дәлелді себептер бойынша өткізіп алған кезде еңбек даулары жөніндегі комиссия оны қалпына келтіруі мүмкін.

3.8. Жеке еңбек дауын қарау жөніндегі келісу комиссиясының қызметкерді бұрынғы жұмыс орнында қалпына келтіру туралы шешімі дереу орындауға жатады.

3.9. Жұмыс беруші жұмысында қалпына келтіру туралы шешімнің орындалуын кешіктірген кезде Келісу комиссиясы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 161-бабының 2-тармағына сәйкес қызметкерге орташа еңбекақысын немесе шешімді орындауды кешіктірген уақыттағы еңбекақысындағы айырмашылықты төлеу туралы шешім шығарады.

4. Еңбек дауын қарау тәртібі

4.1. Келісу комиссиясы на келіп түскен өтініш берілген күні комиссия хатшысында міндетті тіркеуіне жатады.

4.2. Өтінішті қабылдаудан бас тартуға жол берілмейді. Хатшы өтінішті ол келіп түскен және тіркелген соң келісу комиссиясының отырысына дейін 5 жұмыс күніне дейін Комиссияның қарауына беруге міндетті.

4.3. Келісу комиссиясы өтініш берушіні келісу комиссиясы отырысының орны, датасы және уақыты туралы отырысқа дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

4.4. Дау Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өтініш берушінің және (немесе) оған табысталған өкілеттік шегінде оның уәкілетті өкілінің қатысуымен қаралады.

4.5. Дауды қызметкердің қатысуынсыз қарауға тек оның жазбаша өтініші бойынша ғана рұқсат етіледі. Қызметкер Келісу комиссиясының отырысына келмеген жағдайда өтінішті қарау екі жұмыс күнінен артық емес мерзімге шегерілуі тиіс, ол туралы Қызметкер мен Жұмыс беруші хабардар етіледі.

4.6. Қызметкер дәлелді себептерсіз қайталап келмеген жағдайда Келісу комиссиясы өтінішті қараудан алып тастауы мүмкін, ол қызметкерді өтінішті қайталап беру құқығынан айырмайды.

4.7. Бұл жағдайда өтініш бірінші рет түскен ретінде, бұл ретте Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі 160-бабымен қарастырылған мерзімдерді сақтаумен қаралады.

2. 4.8. Келісу комиссиясы өтінішті тіркеу күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде дауды қарауға және шешім қабылдаған күннен бастап оның көшірмелерін дау тараптарына үш күндік мерзімде беруге міндетті.

4.9. Келісу комиссиясы отырыстарға істің мән-жайын анықтау үшін комиссия мүшелері болып табылмайтын куәларды, мамандарды шақыруы, Жұмыс берушіден еңбек дауын қарау үшін қажетті құжаттарды сұратуы мүмкін.

4.10. Келісу комиссиясының қажет құжаттаманы белгілі бір мерзімде ұсыну туралы талабы басшылар мен қызметкерлердің барлық санаттары үшін белгіленген тәртіппен міндетті орындауға жатады.

4.11. Қызметкер өтініште қойылған талаптардан келісу комиссиясының отырысы басталғанға дейін немесе келісу комиссиясының отырысында тікелей бас тартуға құқылы. Қызметкердің ұсынатын талаптардан бас тартуы жазбаша ресімделеді.

4.12. Келісу комиссиясының жұмысқа қайта алу туралы даудан басқа шешімі белгіленген мерзімде орындауға жатады.

4.13. Келісу комиссиясының шешімі орындалмаған жағдайда белгіленген мерзімде қызметкер немесе Жұмыс беруші сотқа жүгінуге құқылы.

4.14. Келісу комиссиясының мүшелеріне, өтініш берушіге, куәларға, сарапшыларға және дауды қараудың басқа қатысушыларына Комиссия отырыстарына қатысу уақытында жұмыс орны мен еңбекақысы сақталады.

4.15. Келісу комиссиясының мүшелері Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 159-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының негіздерін, келіссөздер жүргізу білуді дамыту және еңбек дауларында консенсусқа қол жеткізу бойынша жыл сайын оқудан өтуге міндетті.

5. Комиссияның шешімдер қабылдау тәртібі

5.1. Келісу комиссиясының әрбір отырысында хаттама жүргізу міндетті, онда жеке еңбек дауларын қарау барысы жазылады.

5.2. Келісу комиссиясының шешіміне айрықша талаптар қойылады, ол нақты, кесімді және оның мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданған болуы тиіс. Жекелеген мүшелер көпшіліктің пікірімен келіспеген жағдайда, олар өздерінің айрықша пікірлерін білдіруге құқылы, ол хаттамаға қоса тіркеледі.

5.3. Келісу комиссиясы шешімінің міндетті күші болады және қандай да бір бекітуге мұқтаж емес. Шешім уәждеделген, қолданыстағы еңбек заңнамасына негізделген болуы тиіс.

5.4. Шешімнің көшірмесі қызметкерге және жұмыс берушіге лд қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тапсырылады.

5.5. Шешім жұмыс берушіге өтініш жасау түрінде (мысалы, «жұмыс берушіден сұрайды», «директорға ұсынылсын» және т.б.) ресімделмеуі тиіс.

Онда: қызметкердің талабы қанағаттандырылды ма немесе одан бас тартылды ма, егер жартылай қанағаттандырылса, онда қандай бөлігінде және қандай себептер бойынша екені анық көрсетілген болуы тиіс.

5.6. Келісу комиссиясының шешімімен келіспеген жағдайда қызметкер немесе жұмыс беруші сотқа жүгінуге құқылы.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған ұжымдық шартқа 10-қосымша

Профилактикалық мақсатта сүт немесе соған тең бағалы тағамдарды пайдалану ұсынылатын еңбектің ауыр, зиянды және (немесе) қауіпті жағдайларымен байланысты кәсіптердің тізбесі

Р/б №	Кәсіптердің атауы	Олармен жұмыс істеу сүт немесе соған тең бағалы тағамдарды алуға құқық беретін зиянды химиялық заттардың тізбесі
1	2	3
1	Аккумуляторшы	Күкірт қышқылы, сілті
2	Химиялық, сумен тазалау аппаратшысы	Қышқыл, сілті, шектелген және шектелмеген көмірсутектер
3	Арнайы киімді химиялық тазалау аппаратшысы	Трихлорэтилен, перхлорэтилен
4	Бандажшы	Акролеин
5	Ассенизациялау машинасының жүргізушісі	Күкіртсутегі
6	Гальваншы	Хром және оның қосылыстары
7	Қорғасын-қалайы құймасын құюшы	Қорғасын және оның органикалық емес қосылыстары, тұз қышқылы
8	Кабельді балқытып қосқыш	Қорғасын, қалайы қосылыстары
9	Компрессоршы	Акролеин
10	Зертханашы	Қорғасын, қышқылдар, сілті, май аэрозолі, шектелген және шектелмеген көмірсутектер
11	Қазандық машинисі (оператор), қазаншы	Көміртегі тотығы, көмір шаңы
12	Нитроэмальдермен жұмыс істейтін сырлаушы	Ацетон, нитробензол, нитрометан Хлор және оның қосылыстары
13	Жуу машинасының машинисі	Күкіртсутек, аммиак, шектелген және шектелмеген көмірсутектер
14	Сорғы қондырғысының машинисі	
15	Ауыр үлгідегі машиналар машинисі	Азот тотығы, көміртегі тотығы, көмірсутек
16	Металдандырғыш	Марганец тотықтары

17	Механик-реттеуші	Акролеин
18	Моторист	Мыс және меконит шаңы
19	Балғашы	Көміртегі тотығы, көмір шаңы
20	Жылжымалы құрамды жуушы (жинаушы)	Керосин, шектелген және шектелмеген көмірсутектер
21	Мыстаушы	Қорғасын және оның қосылыстары
22	Дәнекерлеуші	Күкіртті ангидрид, көміртегі тотығы, азоттың қос тотығы, көмір шаңы
23	Ақауапқы арбашасының операторы мен оператордың көмекшісі	Ацетон, метил спирті
24	Цистерналарды жуушы - булаушы	Ацетон, күрделі эфирлер
25	Полимерлерді престоуші	Формальдегидтер, акролеин
26	Сіндіруші	Бензол, толуол, ксилол
27	Сынама іріктеуші	Сілтілер, толуол, ксилол
28	Кесушілер	Азоттың қос тотығы, дәнекерлеуші аэрозоль, марганец тотығы, фторлы сутек, хром
29	Мұнай өнімдерін құюшы-таратушы, жабдықтаушы	Метан қатарының көмірсутектері: пентан және изопентан
30	Реостаттық сынаулар слесарі	Нитробензол, органикалық тотықтар
31	Тепловоздарды металл сынықтарына кесу жөніндегі слесарь	Азот тотығы, хлорлы сутек
32	Шыныпластик қаптамаларды жөндеу жөніндегі слесарь	Ацетон, капролактама
33	Капрон бөлімінің аэроаспаптарын жөндеу жөніндегі слесарь	Капролактама, шектелген көмірсутектер
34	Авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының слесарі	Аммиак, күкіртеутегі
35	Мұнайұстағыштың жұмысшылары	Акролеин, мұнай өнімдері
36	Өрт сөндіргіштерді зарядтау жөніндегі слесарь	Борсутектер
37	Слесарь-сантехник	Күкірсутектер
38	Слесарь-моторист	Метанол
39	Қазандық жабдықтарын жөндеу жөніндегі слесарь	Көмірсутектер, көмірсутегі тотығы
40	Отын аппаратурасын, КР-1 циклымен көмекші машиналарды, жол өлшеу машиналарын жөндеу жөніндегі слесарь	Шектелген және шектелмеген көмірсутектер, май аэрозолі

41	Аунақшалы мойынтіректерді жөндеу жөніндегі слесарь	Фосфамид
42	Тоңазытқыш секцияларын жөндеу жөніндегі слесарь	Хлорлы сутек, қорғасын
43	Жылжымалы құрамды жөндеу жөніндегі слесарь	Ксилол, толуол
44	Қозғалтқыштарды жөндеу жөніндегі слесарь-дизельші	Күкіртсутек, аммиак
45	Токарь	Қорғасын, көміртегі тотығы, металл шаңы
46	Металл және қорытпаны өңдеуші, күйюшы	Алюминий тотығы, темір тотығы, қышқыл
47	Хромдаушы	Хром және оның қосылыстары
48	Дәретхана жинаушы	Хлор, бутан
49	Электрмен, газбен дәнекерлеуші	Хлорлы сутек, азот, темір, көміртегі тотығы
50	ТЭД-ті бояумен айналысатын электр жүрушілер	Ацетон, бензол, ксилол, толуол

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған ұжымдық шартқа 11-қосымша

Ауысым алдында медициналық куәландыру, рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық қарап тексерулер талап етілетін кәсіптер тізімі

Р/б №	Кәсіптер тізбесі	Қарап тексеру мерзімділігі
1	2	3
1	Жол машиналарының машинисі	ауысым басталар алдында
2	Жол машиналары машинистерінің көмекшілері	ауысым басталар алдында
3	Дрезина, мотовоздар, автомотрисалар және басқа арнайы өзі жүретін жылжымалы құрамдардың жүргізушілері	ауысым басталар алдында
4	Дрезина, мотовоздар, автомотрисалар және басқа арнайы өзі жүретін жылжымалы құрамдар жүргізушілерінің көмекшілері	ауысым басталар алдында
5	Автомобиль жүргізуші	ауысым басталар алдында
6	Механикалық көлік құралының жүргізушісі (тракторшы)	ауысым басталар алдында

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған ұжымдық шартқа 12-қосымша

Борышты аудару туралы келісім

Нұс-Сұлтан қаласы

20 __ жылғы

« __ » _____

Бұдан әрі «**1-Тарап**» деп аталатын _____ (еңбек міндеттерін орындаған кезде оның денсаулығына келтірілген зиянның өтелуіне құқығы бар тұлғаның Т.А.Ә. жеке куәлігінің № және берілген күні), бір жағынан, бұдан әрі «**2-Тарап**» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____ тұлғасында, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, екінші жағынан, және бұдан әрі «**3-Тарап**» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____ тұлғасында, _____ (еңбек міндеттерін орындаған кезде оның денсаулығына келтірілген зиянның өтелуіне құқығы бар тұлғаға протез жасау жөніндегі қызметтерді көрсететін субъектінің атауы), үшінші жағынан, бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, борышты аудару туралы осы келісімді (бұдан әрі - Келісім) төмендегілер туралы жасасты.

1. Осы Келісімнің шарттарына сәйкес 1-Тарап, 1-Тарап пен 3-Тарап арасында жасалған _____ жылғы № _____ шартта көзделген _____ үшін _____ мөлшеріндегі соманы төлеу (бұдан әрі – төлем сомасы) жөніндегі борышын _____ 2-Тарапқа аударды және 2-Тарап 3-Тарапқа төлем сомасын толық мөлшерде жүргізуге міндеттенеді.

2. 1-Тарап осы Келісімнің шарттарын іске асыру мақсатында 2-Тарапқа келесі құжаттардың:

1) Белгіленген нысан бойынша жазатайым оқиға туралы немесе жазатайым оқиға немесе қызметкердің денсаулығына еңбек міндеттерімен байланысты келтірілген өзге зақымдалулар туралы актінің;

2) мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасының;

3) Шарттың;

4) 3-Тараптың протез дайындауға шот-төлемінің;

5) жеке куәлігінің көшірмелерін ұсынуға міндетті.

3. 2-Тарап пен 3-Тарап өзара есеп айырысуларды салыстыру актілеріне қол қою арқылы Келісімге қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өзара тиісті есептерді жүргізуге міндеттеме алады.

4. Тараптар, 1-Тараптың өзінің Шартта көзделген төлем бойынша міндеттемелерін орындауы есебінен осы соманы алу үшін 3-Тараптың 2-Тараптан төлем сомасын алатынымен келісті.

5. 1-Тарап 2-Тараптың Келісім бойынша міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болмайды.

6. Егер оларға Тараптардың өкілдері тиісті түрде қол қойған болса, мөр бедерлері басылған болса (зағды тұлғалар үшін), осы Келісімге жазбаша нысанда енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар іс жүзінде болады.

7. Осы Келісімде көзделген қалған жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

8. Осы Келісім, оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар осы Келісім бойынша өзіне алған міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет етеді.

9. Келісім, бірдей заңды күші бар, Тараптардың әрқайсысы үшін 1 (бір) данадан, мемлекеттік және орыс тілдерінде 3 (үш) данада жасалған. Әртүрлі оқылу пайда болған жағдайда, Келісімнің орыс тіліндегі мәтіні басым болып саналады.

1. Тараптардың деректемелері мен қолдары

<p>1-Тарап</p> <p>_____</p> <p>МО</p>		<p>2-Тарап</p> <p>Заңды мекенжайы:</p> <p>Нақты мекенжайы:</p> <p>_____</p> <p>МО</p>
---	--	--

<p>3-Тарап</p> <p>Заңды мекенжайы :</p> <p>Нақты мекенжайы :</p> <p>_____</p> <p>МО</p>
--

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған ұжымдық шартқа 13-қосымша

Еңбек міндеттерін орындаумен байланысты еңбек барысында мертiккен немесе кәсiби ауруға шалдыққан мүгедектерге арнайы көлiк құралын сатып алуға, арнайы көлiк құралын күрделi жөндеуге және бензинге ақшалай қаражат бөлу тәртібі

Жұмыс берушiнiң кiнәсi бойынша еңбек барысында мертiккен немесе кәсiби аурудан мүгедек болған қызметкерлер Компанияның қаражаты есебiнен арнайы көлiк құралымен қамтамасыз етiледi.

Арнайы көлiк құралын сатып алу, соның iшiнде оны қайта жабдықтау үшiе мүгедекке 1800 АЕК-ке дейiн ақшалай қаражат бөлiнедi.

Мүгедектерге ақша бөлу өндiрiстегi жазатайым оқиға туралы актiнiң, оңалтудың жеке бағдарламасы, медициналық-әлеуметтiк сараптаманың мүгедектiң медициналық көрсетiлiмдер бойынша арнайы автокөлiкке/арнайы көлiк құралына қажеттiлiгi туралы қорытындысы бойынша, жүргiзуге арналған құқығы болған кезде, сондай-ақ арнайы көлiк құралы тиiстi ұйымдардан ақысыз алынбаған жағдайда жүргiзiледi.

Құжаттар салыстырып тексеру үшiн түпнұсқаларда және көшiрмелерде ұсынылады, сонан кейiн құжаттардың түпнұсқалары өтiнiш берушiге қайтарылады.

Мүгедек арнайы көлiк құралын 10 жылдан кем емес пайдалану мерзiмiне сатып алады.

Мүгедекке арнайы көлiк сатып алған күннен бастап арнайы көлiк құралын күрделi жөндеу үшiн бiр рет 450 АЕК-ке дейiнгi мөлшерде ақшалай қаражат бөлiнедi.

Арнайы көлiк құралын күрделi жөндеуге ақшалай қаражат техникалық қарап тексеру станциясы жасаған техникалық акт және арнайы техникалық құралды жөндеу сақтандыру компаниясының есебiнен жүзеге асырылатын болмайды деген сақтандыру компаниясының анықтамасы негiзiнде бөлiнедi.

Өз иелiгiнде арнайы автокөлiк құралы бар мүгедекке ағымдағы айдың бiрiншi күнiне, шығыстарының өтелуiне құқығы бар тұлға тұратын аумақта қалыптасқан сатып алудың босату бөлшек сауда бағалары бойынша АИ-92 бензинiнiң 75 литрiнiң құны мөлшерiнде бензин шығындарына ай сайын ақшалай қаражат бөлiнедi.

Мүгедекке арнайы көлiк құралын сатып алу үшiн қайтадан ақшалай қаражат бөлу келесi құжаттарды ұсынған кезде арнайы көлiк құралын сатып алған күннен бастап 10 жылдан ерте емес жүзеге асырылады:

- медициналық көрсетiлiмдерi бойынша мүгедектiң арнайы автокөлiкпен/арнайы көлiк құралымен қамтамасыз етуге мұқтаждығы туралы медициналық-әлеуметтiк сараптаманың қолданыстағы қорытындысы;
- мүгедектiң дербес оңалту бағдарламасы;
- өндiрiстегi жазатайым оқиға туралы акт;
- арнайы көлiк құралы тиiстi ұйымдардан ақысыз алынбағандығын растау.

Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде тапсырылады, сонан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған ұжымдық шартқа 14-қосымша

Еңбек міндеттерін орындаумен байланысты еңбек барысында мертіккен немесе кәсіби ауруға шалдыққан мүгедектерге арнайы қатынас құралдарын сатып алуға ақшалай қаражат бөлу тәртібі

Жұмыс берушінің кінәсі бойынша еңбек жарақатының немесе кәсіби ауруының салдарынан мүгедек болған қызметкер Компанияның қаражаты есебінен арнайы қатынас құралымен қамтамасыз етіледі.

Арнайы қатынас құралдарының екі түрін алуға құқығы бар мүгедекке арнайы қатынас құралдарының екі түрін сатып алуға ақшалай қаражат бөлінеді.

Мүгедек бөлмелік кресло-арбаны 7 жыл пайдалану мерзіміне, кресло-арбаның құны 100 АЕК-тен артық емес есебінен сатып алады.

Мүгедек серуендейтін кресло-арбаны 4 жыл пайдалану мерзіміне, кресло-арбаның құны 250 АЕК-тен артық емес есебінен сатып алады.

Мүгедекке ақшалай қаражат бөлу өндірістегі жазатайым оқиға туралы акті, дербес оңалту бағдарламасы (бұдан әрі – ДОБ), медициналық көрсетілімдері бойынша мүгедектің арнайы қатынас құралымен қамтамасыз етуге мұқтаждығы туралы медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы болған кезде, сондай-ақ олар тиісті ұйымдардан ақысыз алынбаған жағдайда жүргізіледі.

Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде тапсырылады, сонан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Мүгедекке арнайы қатынас құралдарын сатып алу үшін қайтадан ақшалай қаражат бөлу келесі құжаттарды ұсынған кезде жүзеге асырылады:

- медициналық көрсетілімдері бойынша мүгедектің арнайы қатынас құралдарымен қамтамасыз етуге мұқтаждығы туралы медициналық-әлеуметтік сараптаманың қолданыстағы қорытындысы;

- мүгедектің дербес оңалту бағдарламасы;

- арнайы қатынас құралы тиісті ұйымдардан ақысыз алынбағандығын растау.

Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде тапсырылады, сонан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.